



# Республикалық жастар газеті

# Ақмешіт

# ЖАСТАРЫ

Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады

...Мен жастарға сенемін!

Мағжан



№19 (659)  
7 МАМЫР,  
БЕЙСЕНБІ  
2026 ЖЫЛ

## БАСПАСӨЗ-2026

Алаш жастарының үніне айналған «Ақмешіт жастары» газетіне жазылу науқаны жүріп жатыр. Өз газетіңе жазыл, жас дос! Біз ел жастарымен біргеміз! «Ақмешіт жастары» газетіне 6 айға жазылу жеке тұлғалар үшін – 4000 теңге, мекемелер үшін – 8000 теңге.



## ТАУЛЫ ҚАРАБАҚ:

«БІЗ СОҒЫСПАДЫҚ,  
БІРАҚ СОҒЫСТЫҢ  
СОРПАСЫНДА ҚАЙНАДЫҚ»

Бейбіт өмір – адам баласының өміріндегі басты құндылықтардың бірі. Таңның тыныштығы, бейқам күлкі, қарапайым күндердің қайталануы – мұның бәрі кейде бізге қалыпты көрінеді. Ал сол өмірдің ар жағында соғыстың суық көлеңкесі тұрғанын көпшілік сезіне бермейді. Бір кезде от кешкен, оқтың ортасында қалған жандар үшін бейбіт күн – жай ғана уақыт емес...

Таулы Қарабақ қақтығысы – тарихта «қақтығыс» деп жұмсартып айтылғанымен, талай тағдырды талқандаған, сан ананы перзентінен, талай баланы әкесінен айырған қасіретті кезең. Бұл – картадағы шекара үшін ғана емес, адам жанының төзімі сыналған, үнсіздік пен үрей қатар жүрген уақыт еді. Сол жылдардың шындығын біз көбіне дерек пен дата арқылы ғана білеміз. Ал шын мәнінде соғыстың бет-бейнесі – оны көзімен көргендердің жүрегінде сақталған естеліктерде.

Біз Таулы Қарабақтағы этносаралық қақтығыстарды реттеуге қатысқан ұрыс қимылдарының ардагерлері, сол кезеңнің тірі куәгерлерімен сұбелі сұхбат құруды шештік. Кейіпкерлеріміз – Қызылорда облысы бойынша Таулы Қарабақтағы этносаралық қақтығыстарды реттеуге қатысқан ұрыс қимылдарының ардагерлері қоғамдық бірлестігінің төрағасы Болатбек Төлегеновпен, сондай-ақ ұрыс ардагері Асылбек Ахметияұлын сөйлетуді жөн көрдік.

3-БЕТТЕ

«МЕН  
АМАНМЫН»:  
МАЙДАН  
ХАТТАРЫ  
СӨЙЛЕЙДІ

2-БЕТТЕ

БЛОГЕР  
БАС  
БОЛАМЫН  
ДЕСЕ...

4-БЕТТЕ

Аядай ғана бөлмеде пернетақта дауысынан басқа ойынды бөлер ешнәрсе жоқ. Бәрі өз орнында. Төрт бірдей қазақтың қаракөзі мониторға үңіліп, әрбірі өз ісімен айналысып отыр. Құлаққа ұрған таңадай тыныштық болып көрінгенімен осы көріністің арғы жағында аймақтың әрі шынайы, нақты ақпаратпен қамтамасыз етіп отырған алып жұмысты саалаңың ішіне тереңінен сүңгігендер ғана көре алады. Сыртынан қарасаңыз, жай ғана күнделікті тыныс-тіршілік іспеттес.

Осыдан тұп-тура он бес жыл бұрын оқырманға алғашқы қадамын бастаған «Kyzylorda news» интернет газеті бүгінде толыққанды ақпараттық агенттік ретінде жұмысын жалғастырып келеді.



## ҚЫЗЫЛОРДАДАҒЫ ТҰҢҒЫШ ИНТЕРНЕТ ГАЗЕТ

ОН БЕС ЖЫЛДЫҚ БЕЛЕСТІ БАҒЫНДЫРДЫ

6-БЕТТЕ

## ҰСТАЗ МӘРТЕБЕСІ – НАЗАРДА



Қазақта «ұстаз» ұғымы қашан да қасиетті саналған. «Мұғалім – мектептің жүрегі» десек, сол жүректің соғысы бүгінде жиілеп қалғандай. Кейінгі жылдары мұғалім мәртебесін көтеру бағытында мемлекеттік деңгейде ауқымды жұмыстар атқарылды.

Арнайы заң қабылданды. Десе де заңмен бекітілген құжат пен өмірдегі шынайы жағдайдың арасында әлі де алшақтық бар. Аталған жағдаят «Педагог мәртебесі және білім беру мәселелері туралы» заң жобасы аясына қаралды. Ұстаздардың құзыреті қалай өзгерді? Бірге талдайық.

Мектеп қабырғасында ұстаз баланың қауіпсіздігіне жауапты. Алайда бұл жауап-

кершіліктің шекарасы қай жерде аяқталады? Осы уақытқа дейін мұғалімдер, әсіресе сынып жетекшілері, оқушының мектептен тыс уақыттағы әрбір қадамы үшін жауап беріп келді. Жұмыс уақыты аяқталса да, демалыс басталса да, мұғалімнің телефонына ретсіз хабарлар келеді.

4-БЕТТЕ

Қармақшылық жастардың бағы бар дерсіз. Себебі жақында ғана «IT Park Qatmaqshy» ашылды. Бұл – облыстағы аудандардың арасында іске қосылған алғашқы IT орталық. Облыс төңірегінде шоғырланған технологиялық орта, стартап мәдениеті мен цифрлық білім енді ауданға да жетті.

## АУДАН ЖАСТАРЫНА ЖАҢА МҮМКІНДІК

2018 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан облыстық IT Park талай жастың идеясын жобаға, жобасын өнімге айналдырды. Енді сол мүмкіндік аудан жастарына да беріліп отыр. Демек сұраныс бар деген сөз.


– Иә, әрине. Қармақшылық жастардың ынтасы мен қабілеті бір төбе. Мұндай орталыққа сұраныс бар. Облыста хакатон, Inno Fest секілді түрлі байқау мен додалар ұйымдастырылады. Яғни мұнда технологиялық орта бар. Ендігі біздің мақсат – аудан мен ауылдардың арасындағы технологиялық қашықтықты азайту. Аудан

жастары осы орталыққа келіп білім алады, үйренгенін жетілдіру үшін кейін бізге келеді, – дейді облыстық IT Park орталығының жетекшісі Жанболат Сәдібеков.



## Фариза ЖЕТПІСБАЙ:

Сақ патшайымы Томиристің, біздіңше айтқанда Тұмарқыздың ізін жалғаған қазақтың жауынгер қыздары жетерлік. Берідегі Әлия мен Мәншүкті айтпағанда, қазақтың хас батырларының жарлары да ерге бергісіз ерекше болмыстың иесі болған. Ел шетіне жау тигенде от басы, ошақ қасында қара қазанның айналасында қаламай, қолға қару алған қаракөздеріміздің еңбегі ел аузында аңызға бергісіз керемет болып айтылады. Бүгінгінің бұрымдылары да бұрынғылардан асып түспесе, кем емес. Солардың бірі ретінде Астанадағы арнайы күштің жауынгері – Фариза Жетпісбаймен сұхбаттасқан едік. Нәзік қолға қару ұстап, көш бастаған қаһарман қыз айтқанда сақнасында да танылып, өзінің орамды ойлары мен сөз тіркестерімен танылған.



## ӘСКЕРДЕ ҚАЗАҚИ КОД БОЛҒАНДА ҒАНА РҰХЫМЫЗ ТАСЫП ТҰРАДЫ

– Фариза, әскери қызмет қыз балаға қиын емес пе? Әйтсе де өзіңді көргенде бойыңыздан қазақ қызына тән қайсарлықты байқайтынымыз жасырын емес...


– Қиын емес. Мен жауынгер жыраулар Шалкиіз бен Қазтуғанның, Доспанбеттің

жамбасы тиген, марғасқа Махамбеттің, Мұраттың туған топырағынанмын. Айбынды Атырау қай кезде де маған дем береді. Осындай қасиетті жерде кіндігім тамған соң, бір қолыма қару, бір қолыма домбыра ұстау заңдылық болар... Жайықтың жағасында өскен Атыраудың перзентімін.

2-БЕТТЕ

# ӘСКЕРИ ӨМІР – АЗАМАТТЫҚТЫҢ АЛҒАШҚЫ БАСПАЛДАҒЫ

Уақыт ағымымен бірге әскердің де сипаты, талаптары мен күнделікті тынысы өзгеретіні белгілі. Әскери өмірдің қыр-сырын тереңірек танып, әр кезеңдегі тәртіп пен тұрмыстың айырмашылығын саралау мақсатында біз Отан алдындағы борышын әр жылдары өтеген үш түрлі буын өкілін әңгімеге тарттық. Әрқайсысының айтар ойы, бөлісер естелігі бар. Олардың әңгімесі арқылы біз сарбаз өмірінің тек тәртіп пен бұйрыққа ғана құрылмайтынын, сонымен қатар шыдамдылық, бауырмалдық, жауапкершілік секілді қасиеттерді қалыптастыратын үлкен мектеп екенін аңғардық. Әр буынның естелігі тұтас бір дәуірдің көрінісі іспетті. Осы арқылы әскери өмірдің өзгерісі мен сабақтастығын, сарбаз рухының әр кезеңде де биік болғанын байқауға болады.



**Болат ДОСПЕНБЕТОВ:**

– 1968 жылдың 16 қыркүйегінде дүниеге келдім. 18 жасқа толған шағмында, яғни 1986 жылдың 30 желтоқсанында Отан алдындағы борышымды өтеуге аттандым. Ол уақыт ел еңсесін тіктей бастаған, бірақ тұрмыс әлі де оңай емес кезең еді. Соған қарамастан, әскерге бару – әр жігіт үшін үлкен сын әрі абырой саналатын.

Біз Жалағаш ауданынан 27 жігіт болып пойызға отырып, алыс сапарға шықтық. Ресейдің Архангельск деген суық аймағына табан тіредік. Ол жақтың табиғаты мүлде бөлек еді, қысы ұзақ әрі қатты, аяз кей күндері 40–50 градусқа дейін баратын. Қар қалың жауатындықтан, көбіне шаңғымен жүретінбіз.

Әскердегі тәртіп өте қатаң болды. Бірақ сол темірдей тәртіп бізді шыңдады, жауапкершілікке үйретті. Бір қызғыш түрлі ұлт өкілдерімен бірге қызмет етесің. Басында жат көрінгенімен, уақыт өте келе бәріміз бір үйдің баласындай болып кеттік. Сол ортада қазақ екеніңді мақтан тұту – ерекше сезім. Өз тіліңді, дәстүріңді дәріптеп, өзге ұлтқа таныту – үлкен қанағат.

Әскердегі достық – өмірлік достық. Бүгінге дейін дос, бауыр болып араласып жүрген Ғабит Бекмағанбетов, Серік Қалабаев, Раушанбек Абдуқадиров секілді азаматтар бар. Уақыт өтсе де, сол бір жылдардағы бауырмалдық жоғалған жоқ.

Сондай-ақ бізге тәрбие берген офицерлердің де орны бөлек. Солардың ішінде капитан Константин Спередонов есімде ерекше қалды. Ол кісі бізге тек әскери тәртіпті ғана емес, адамгершілікті де үйретті. Әр сарбазға әкелік қамқорлықпен қарап, дұрыс жол сілтейтінді. Әскердегі әр күн өз алдына бір естелік. Соның бірі – атыма жазып алған шаңғым. Сол шаңғымды машина басып, сәндірып кеткеніне әлі күнге қапалауым. Бірақ бүгінде сол сәттің өзі жылы естелікке айналып отыр.

Ал ең ерекше сезім – елге қайтуға санаулы күн қалғанын білу. Ол сәтті сөзбен жеткізу қиын. Сағыныш, қуаныш, үміт бәрі араласқан күй. Ақыры, 1988 жылдың 30 желтоқсанында елге аман-есен оралдым.

Міне, әскерден оралғаныма да 40 жылға жуық уақыт өтті. Уақыт зымсырап өтсе де, сол бір кезең өміріміздің ең маңызды, ең ұмытылмас бөлестерінің бірі болып қала береді. Әскер – ер азаматты шыңдайтын, өмірге бейімдейтін үлкен мектеп екеніне толық көзім жетеді.



**Парасат НҰРТАЕВ:**

– 1993 жылдың 19 желтоқсанында дүниеге келгенмін. Әскерге жиырма жасымда аттандым. Шынымды айтсам, бұл шешімімнің түбінде қызығушылық та, өзімді сынап көргім келген ішкі талпыныс та болды. Пойызға отырған сәттен бастап жана өмірдің лебі сезілді. Жол үстінде жігіттермен танысып, ортақ әңгіме құрып, жана ортаға деген қызығушылығымыз арта түсті.

Желтоқсан айы еді. Біз Қарағанды облысындағы Майкұдық станциясына келіп түстік. Ол жақтың қысы мүлде бөлек екен, қытымыр аяз, адамның бойымен бірдей қалың қар. Қызылордала туып-өскен мен үшін мұндай ауа-райын алғаш көру үлкен әсер қалдырды. Пойыздан түсе сала бізді моншаға алып барды. Одан кейін әскери киім-кешек үлестірілді. Алғаш киген формамыздың өлшемі тым үлкен болып, өзмізге біртүрлі көрінгені әлі есімде. Алғашқы бір ай толықтай оқу-жаттығуға арналды. Бұл кезең жана ортаға бейімделу, тәртіпке үйрену уақыты еді. Жалпы үш-төрт күннен кейін-ақ әскери өмірдің қаталдығы сезіле бастады.

Күн тәртібі қатаң, таңғы алтыда оянып сапқа тұрамыз, алаңға шығып жүргізу секілді түрлі жаттығу жасаймыз. Одан кейін жуынып, состав түгелімен таңғы асқа барамыз. Біздің құрам үшінші қабатта орналасқан еді. Егер біреу кешіксе немесе саптық тәртіпті бұзып дұрыс қадам жасасама, бәріміз қайтадан жоғары көтеріліп, төменге бірінші қабатқа қайта түсуге мәжбүр болатынбыз. Бұл да тәртіпке баулудың бір жолы еді.

Шыны керек, алғашқы күндері ол жақтың тамағына да үйрену оңай болған жоқ. Бір аптадай дұрыс тамақтана алмай жүрдік. Кейін ашыққан соң бәрінде де үйренісіп кеттік. Әскер – шыдамдылық шыңдайтын мектеп. Ол адамды тәртіпке, тазалыққа, жауапкершілікке үйретеді. Өз-өзіңді бақылауды, төзімді болуды қалыптастырады. Бір айлық дайындықтан кейін бізді роталарға бөліп жіберді. Жасыратыны жоқ, әскерде түрлі жағдай болады. Жігіттер арасында түсініспеушілік те туындайды. Тәртіпке бағынбағандар «сыбағасын» алып жатады. Бірақ осының бәрі адамды шыңдайды.

Сол жылдарда бірге болған достармен хабарласып, кездесіп тұрамыз. Қиындықты да, қуанышты да бірге көрген сон дос емес, бауырдай болып кеттік. Бүгінде әрқайсысы әр өңірде бір-бір белелді қызметте жүрген азаматтар. Бір досыммен әлі күнге дейін бірге жұмыс істейміз. Әскердегі ең әсерлі сәттердің бірі – елге оралатын уақыт. Әскери формамен пойызда жүрегіміз алып-ұшып ауылға оралып келе жатқан сәт. Отбасына, жақындарға сыйлық алып келе жатқан сәттігі ішкі сезімді айтып жеткізу қиын.



**Нұрбақыт МҰСАТИЛЛАҰЛЫ:**

– 2004 жылы 20 наурызда дүниеге есігін аштым. 19 жасымда Отан алдындағы борышымды өтеуге аттандым. 2023–2024 жылдар аралығында Абай облысы, Аягөз қаласындағы Қабанбай батыр атындағы 11-танк бригадасы немесе 10810 әскери бөлімінің артиллериялық дивизионында өз борышымды өтедім. Әскерде радиотелеграфист мамандығын игердім.

Әуелі ант қабылдағанға дейін 40 күн бойы біз «Жас сарбаздар» ротасында болдық. Кейін 180 баланы екі ротаға бөлді. Осы уақыт аралығында әскери өмірдің әліппесімен таныстық. Күнделікті кесте, киім, тамақ бәрі де сарбазға сай өзгеріп, қалыптаса бастады. Әрі әскери құрылымдармен танысып, міндеттерімізді түсіне бастадық. Таңғы 6:30-да тұру, тек белгіленген уақытта тамақ ішу. Әрі осы бір істің бәрін шапшаң жасауды да командирлер біздің бойымызға сіңіре бастады. Бұдан бөлек, саптық жүріс, дене дайындығына да көп көңіл бөлінді. Қарулармен танысып, салтанатты ант қабылдау рәсіміне дайындалдық.

Қолда телефон жоқ, тек қана әскери қағидалар жазылған кітапшалар бар. Сол арқылы жарлықтарды жаттап, анттың мәнін есте сақтаймын. Қарулас достарыммен жақын танысып, түрлі тақырыпта әңгімелесетінбіз. Сөйтіп жүріп, сәуірдің ортасында аттанған біз, мамыр айында ант қабылдадық. Есте қаларлығы алыстан ат арытып аманның келуі. Бір қарағанда 40 күн ғана туған жер, жақындардан жырақта болу ер жігіт үшін көп уақыт емес, бірақ ана мен бала арасындағы махаббат ешбір түсіндірмесі жоқ сезім. Шынымен тап сондай. Анамен бірге сол кезде өткізген аз ғана уақыт менің есімде ыстық та тәтті естелік болып сақталды.

Ант қабылданды. Енді алда 11 айдан астам қызмет. Мені үлкен бригадамыздың ішіндегі артиллериялық дивизионының құрамына бөлді. 100-ден астам сарбаз бір казармада туған бауыр секілді күн кештік. Дивизияның құрамында 4 батарея және 3 взвод бар. Мен «Артиллерия бастығының басқарма взводында» Ержан Садуақасовтың қол астында болдым. Жаныма өз жерлесім Елдос Алмас және Үшаралдан келген Ертілеу Ақанұлы, алматылық Ринат Садықовпен бірге жүрдім. Олар – менің тек қаруластарым емес, бауырларым айналып. Әскерден келгеніме биыл 2 жыл толды. Қазір ойлап қарасам, әскерге дейінгі өзіммен әскерден кейінгі қалпым салыстыруға келмейді. Себебі 12 айдың ішінде мен қатты өзгердім.

Өкінішке қарай, әкемнен 10 жасымда көз жазып қалдым. Ер бала үшін әкенің орны қаншалықты маңызды екенін мен айтпасам да түсінікті шығар. Сол бір жігітке тән тәрбиені, салмақтылық пен мінезді маған әскер үйретті.

Осылайша бір кездері көп көрініп, өтпестей сезілген 365 күндік сарбаз өмірі аяқталды. Көзді ашып-жұмғанша қас-қағым сәттей өте шыққан бұл 12 ай менің есімде ешқашан өшпек емес. Егер «кінесің бе?» деп сұрамақ болсаңыз, мен «жоқ» деп жауап беруші едім. Себебі менің өкінішім жоқ, алғашым шексіз! Мен осы бір борышымды өтегеніме қуаныштымын әрі мақтан тұтамын.

Дайындаған Аружан ОРАЛБАЙ

Фариза ЖЕТШІСБАЙ:

# ӘСКЕРДЕ ҚАЗАҚИ КОД БОЛҒАНДА ҒАНА РУХЫМЫЗ ТАСЫП ТҰРАДЫ



Басы 1-бетте

– Фариза – ақын, Фариза – жауынгер... Осылай жалғастыра берсек... Фаризаны тағы кім деп айта аламыз?

– Фариза – қолбасшы... Осылай десек, жарасады. Генерал болуды армандайтын сарбаз жоқ. Қолбасшы болуды армандаймын. Елдің рухын көтеріп, даңқын асырғым келеді.

– Қоғамда «Мен – патриотпын» деп, айғайлап жүретіндер көп. Бірақ бітірген ісі жоқ. Ал сізді қазақтың Мәншүгі мен Әлиясындай айтады. Сіз ұлтқа қызмет деген ұлы міндетті қалай сипаттар едіңіз?

– Біз кейде «батыр» деген сөзге қарап үстіне әскери форма киген немесе чемпион болған спортшыны, болмаса костюм киіп өзінше бірдене бітіріп жүрген адамдар «патриотпын» деп ұрандағанда айтамыз ғой. Шын мәнісінде «батырлық», «ұлтқа қызмет ету» деген ұғым мен сезім екінің біріне бұйыра бермейді.

– Отан қорғау – сіз бен біздің мойнымыздағы ұлы міндет. Жыл сайын комиссариатпен сұқбатта әскерге баруға құлшыныстың төмендігі мәселе болып шығады. Бұған не себеп деп ойлайсыз? Көпшілік әскердегі уақыттың ессесіне табыс тауып, еңбектенгенім жасық дейді. Әлде материалдық құндылықтың соңына түсіп кеттік пе? Қай жерден қателестік?

– Меніңше, бұл ұлы ұғым ана тілден бастау алады. Мысалы, маған келіп бір қолбасшы, «Здравствуйте, господа» десе, менің қызмет етуге құлшынысым болмай қалады. Ал «Армысындар, менің жауынгерлерім!» деп ана тілімізде нағыз батыр қолбасшылардай келіп аман-дасса, менің рухым тасып кетеді. Бәлкім, осындай мәселелер жинала келе, үлкен түйткілге айналатын шығар... Сол үшін жастар келгісі келмейтін болар. Қазақ жастарының бәрі жасық емес қой. Егер әскерде шынымен қазақи код болса, қолбасшылар ана тілінде сөйлесе келетін шығар...

– Арнайы жасақта сізге қыз деп еркелетіп қарай ма, әлде жауынгер атын немендеп, ерлермен бірге нық теңестіре жүресіз бе? Қызметте мен қыз емес, жауынгермін деп санайтын сияқтысыз...

– Біздегі жұмыс жынысқа бөлінбейді. Отанды жыныспен емес, жүреппен сүйеді. Қызметте солай, үйде – ерке қызбын.

– Жігіттерге үндеу жаздыңыз. Сізге кері байланыс жасағандар болды ма?

– Иә, кері байланыс болды. Болғанда қандай... Көшеде үлкен

кісілер қарғап кетті. Көп жігіттен боғауыз сөздер естідім. «Өзің қызмет ете бер, біз бармаймыз» дегендер болды. Ал сол пікір білдіргендердің жеке парақшасына кірсек, соқталдай-соқталдай қазақтың жігіттері, білдей батыр болатын тұлғалар...



– Айтыста да орныңыз ерекше. Жазба ақын ретінде қандай өлеңдеріңіз бар?

– Айтыс деп жүріп біраз уақыт өлең жазбай кетіппін... Төрт жылдан кейін жазған өлеңім осы...

Жабығайын деп, сағынайын деп, Сен жакқа ұзақ қараймын. Бәрінен сосын арылайын деп, Шашымды үнсіз тараймын.

Өзімді өзім түсінбей мүлде, Айнама қарап үнілем. «Бәрі де өзім үшін» деймін де, Асқақтығымнан түзілем.

Дәл осы сәтім – дара жастығым, Түтінге толы шылымым. Бұлдыр сағым мен аралас түтін, Тұншығып жатыр бұрмымым.

Жүректі биік қойып қарашы, Табылар содан тілегім. Қаттысың ғой деп айыптамашы, Нәп-нәзік менің жүрегім.

Оп-оңай мені жылата салу, Бұл – саған ғана тән қылық. Биіктен төмен құлата салу – Махаббаттағы заңдылық!

Ендігі бәрі адыра қалсын, Мұнаоға жоқ уақытым. Елімнің қамы, жерімнің қамы – Дәл қазір менің бақытым!

Ендігі мені таң қалдырмайды, Махаббат, тіпті өлім де. Жүрегім сені арман қылмайды, Көзіме енді көрінбе...

– Тамаша. Ақын да, батыр да Фариза! Сәттілік қашан да серігіңіз болсын!

Әңгімелескен Дәулет ҚЫРДАН.



# «МЕН АМАНМЫН»: МАЙДАН ХАТТАРЫ СӨЙЛЕЙДІ



Бүгін Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейіне арнайы барып, «Ерлік және данқ» залындағы экспонаттармен таныстық. Көзге бірден түскені, жүректі бірден қозғаны – майданнан жеткен хаттар.

Солардың бірі – 1944 жылдың 30 шілдесінде, оқ пен оттың ортасында жазылған амандық хат. Онда былай делінген:

«Мейірбанды ата-ана, аға-іні, қарындастарыма тегіс сәлем. Сіздерге Отан соғысындағы туысыңыз Сейтқасым амандығын білдіріп, қат арқылы сансыз сәлемімді жолдаймын. Қуатты отырсыздар ма?»

Мен аманмын. Бірнеше жауынгер жолдаспен бірге фронтта неміс басқыншыларына соққы үстіне соққы беріп, совет жерін жаудан босатып жатырмыз...

Музейдің «Өлке тарихы» бөлімінің меңгерушісі Перизат Ашанова сиясы көмескі тартып, қағазы сарғайған бұл хаттың пішініне назар аударуға шақырды. Расында, олардың сыртқы формасының өзі көп хабар береді екен. Мысалы хаттың пішіне қарап-ақ бір әулеттің үміті қайта жанып, талай аныан жүрегі жұбаныш тапқан. Себебі ішінде «мен аманмын» деген хабар бар қағаз төртбұрышты болып бүктеліп келеді. Ал майданнан жеткен сәлемнің ең ауыры, ішінде қаралы хабары бар хат үшбұрыш етіп оралады екен. Оның жүгі де, айтар хабары ауыр...

«Ерлік және данқ» залына тереңді түскенде соғыс тек хаттарда ғана емес, сол кезеңнің үнсіз куәсіне айналған заттар арқылы да «сөйлей» бастайды.

Әйнек сөрелерде Кеңес Одағының батыры, генерал-лейтенант Георгий Никитовичтің, Кеңес Одағының батыры Ұрмаш Түктібаевтің әскери формасы қойылған. Жанында топография және география карталарын салуға арналған жұқа сомке, компас, сапер күрегі, қалта сағаты тұр. Бұл – жай ғана құралдар емес. Бұл – бағыт жоғалтпау, уақытпен санасу, ер қадамды дәл есептеу үшін қажет болған дүниелер. Сөрелің келесі бөлігінде солдаттың күнделікті тұрмысынан сыр шертетін қарапайым заттар қойылған: әскер флягасы, котелок, сапты аяқ, қасық...

Осындай заттар арқылы оқ пен оттың арасында да адам болып қалуға тырысқан жауынгердің тіршілігін сезесіз. Мұнда сондай-ақ жауынгер қаскасы, қол пулеметі, тіпті қарсы жақтың белгісі ретінде неміс қаскасы да қойылған. Бұл заттар соғыстың тек бір жақтың ғана емес, тұтас адамзатқа түскен ауыр сынақ болғанын еске салады. Ал жауынгерлік нағралдар – сол жылдардың үнсіз куәгері. Әр медаль, әр орден – бір ерлік, бір тағдыр, бір қайталанбас оқиға.

Сонымен қатар «Ерлік және данқ» залында Ұлы Отан соғысына қатысқан қызылордалық жауынгерлер туралы мәлімет бар. Олардың қатарында есімі тарихқа алтын әріппен жазылған ондаған тағдыр бар. Бұл – бір ғана өңірден шыққанымен, майданның әр шебінде шайқасқан, әртүрлі жолмен ерлікке жеткен жандардың шоғыры.

Мәселен, Днепрден өту кезіндегі жанқиярлығы үшін батыр атанған Мақаш Балмағамбетов пен Жақыпбек

Махамбетовтің ерлігі – өзен кешіп, өлім мен өмірдің арасында жүріп жеңіске жол ашқан сарбаздың символы іспетті. Ал Тисса өзенінен 47 рет қатынап, қаруластарын аман өткізіп, жауға тойтарыс берген Әнуар Әбүтәліповтің қайсарлығы – нағыз табандылықтың үлгісі.


Майдан даласында тек қарумен емес, ақылмен де жеңіс әкелгендер болды. Мәселен, Петр Артемов бір ұрыста 80-нен астам жау солдаттың тұтқынына алса, ұшқыш Николай Самороков әуе шайқастарында жау техникасын жойып, көктегі аймақта айрықша ерлік көрсетті. Ал барлаушы-ұшқыш Біліс Нұрпейісов Берлин аспанында құпия тапсырмаларды орындап, стратегиялық нысандарды дәл анықтаумен көзге түсті. Сонымен қатар, майдан даласында ерлік көрсеткен Семен Ларионов, Александр Мин, Геннадий Шляпин, Яков Михайлюк сынды жауынгерлердің де есімі ел жалдында.

Қызылорданың топырағында туған батырлардың арасында майданда мерт болғандары да аз емес. Киев түбіндегі шайқаста қаза тапқан Иван Журба, Германия жерінде ерлікпен көз жұмған Ерденбек Ниятқалиев, Прибалтика майданында ерлікпен қаза болған Ұрмаш Түктібаев – солардың қатарында. Олардың ғұмыры қысқа болса да, ерлігі мәңгілік.

Бұл залдағы әр есім – бір тағдыр, әр тағдыр – бір тарих. Майданға аттанған әр жауынгердің бірі мұғалім, бірі тракторист, бірі теміржолшы, бірі студент еді. Олар Отан қорғау үшін бірікті.

Иә, батырлардың ерлігі тек марапатпен өлшенбейді. Олар – бүгінгі бейбіт өмірдің бағасын ұғындыратын тарих.

Әлия ТӘЖІБАЙ



# ТАУЛЫ ҚАРАБАҚ: «БІЗ СОҒЫСПАДЫҚ, БІРАҚ СОҒЫСТЫҢ СОҒЫСЫНДА ҚАЙНАДЫҚ»

Басы 1-бетте

– Болатбек Шымбайұлы, әлгімені соғысқа дейінгі өміріңнен бастасақ. Қарапайым күндерің қандай еді? Сол кездегі армандарың туралы айтып беріңізші.

**Болатбек Төлегенов:** – Шынын айтсам, соғысқа барамын деген ой мүлде болмады. Әскерге дейін қарапайым ауылдың баласы болдым. Әрқайсымыздың арманымыз, мақсатымыз, қызығушылығымыз болды. Бала болып ойнап, бейтам өмір сүрдік.

Десе де жастайымнан соғыс ардагерлерінің батырлығынан патриоттық рухты сезіп өстім. Ардагерлердің медальдарын көріп, сол кісілер секілді Отан қорғайтын жасқа жетсек екен деп есеюге асығушы едік. Бірақ олардың көргенін өзім де сезінемін деген ой үй ұйықтасам түсіме кірмеген.

Ресейде оқып жүрген кезімде академиялық үзіліс алып әскерге кеттім. Сол кеткеннен 2 жылға дейін ұрыс алаңында болдым.

– Қақтығыс басталған сәт, әскерге аттану қалай болды? Таңдау болды ма?

**Асылбек Ахметияұлы:** – Әскерде саған таңдау берілмейді. Бұл – сол уақыттың бұлжымас қағидаларының бірі еді. Қайда бұйырса, сол жаққа аттанасың.

1988 жылы Қызылордадан әскер қатарына шақырылып, Қырғызстан аумағындағы әскери бөлімге түстім. Қатардағы жауынгер ретінде маған жүктелген міндетті үнсіз атқарып жүрдім. Сол кездері өмірімнің бағытын күрт өзгертегін сәттің соншалықты жақын тұрғанын сезбепшім де.



1989 жылдың қаңтар айы. Түнгі сағат 22:30 шамасы. Бізді аяқ астынан сапқа тұрғызды. Қару-сайман түгелденіп, ешқандай артық түсініктеме берілместен, Әзірбайжан мен Армения арасындағы шиеленісті реттеуге аттанатынымыз хабарланды. Бұл – соғысқа ұмтылу емес, керісінше, соғыстың алдын алу миссиясы еді. Біз ешбір тараптың сойылын соқпадық, тұтқиылдан шабуыл жасайтын мақсатымыз болған жоқ. Біздің міндет – екі елдің арасындағы қақтығысты бейбіт жолмен тежеу, қан төгіске жол бермеу. Бірақ түсінігенім, біз соғыспасақта, соғыстың сорпасында қайнадық.

Барлығымызды белгіленген бір орынға жеткізді. Онда үлкен казарма орналасқан екен. Әр қиырдан жиналған сарбаздар. Түріміз бөлек болғанымен, мақсатымыз ортақ еді. Сол жерде үш күн аялдадық. Кейін бізді «ЗИЛ» жүк көліктеріне тиіп, таудың етегіндегі қыстауларға алып кетті. Мен сол жерде жеті айдан астам уақыт болдым.

Қыстаудағы күндер әскери тілмен айтқанда «зачисткамен» өтті. Яғни, халықтың қолындағы қару-жарақты тәркілеу, қауіптің алдын алу жұмыстарымен айналыстық.

Сол күндердің бірінде Мегрей станциясында болған оқиға жадымда мәңгіге сақталып қалды. Бұл жерде казарма жоқ,

сарбаздар не палаткада, не пойыз вагондарында түнейді. Біз әдеттегідей тамақтанып отырған сәтте жер сілкінгендей дір ете қалды. Бір сәтке бәрі тына қалғандай болды.

Қаруымызды қолымызға іле сала, оқиға орнына қарай жүгірдік. Кейін белгілі болғандай, Бакуге бет алған жолаушылар пойызы төрт шақырымдық туннель арқылы өтуі тиіс болған. Алайда жолда пойыз машинисіне шабуыл жасалып, бірінші вагон жарылған екен.

Салдарынан талай адам жарақат алып, өкінішке

небәрі он минут өтті. Бірақ сол он минуттың ішінде ешкім тірі қаламын деп ойлаған жоқ шығар. Үміт пен үрейдің арасында қысылып қалған сәт еді.

Тек содан кейін ғана оқ атуға рұқсат берілді. Шүріппені басқанымыз сол еді, атыс сап тыйылды. Халық жан-жаққа бытырап, алаң босап қалды. Бірақ әлгі үнсіздік – қорқыныштың жалғасы сияқты сезілді.

Көпшілік бұл оқиғаны жай ғана қақтығыс деп қабылдауы мүмкін. Алайда екі мемлекет арасындағы осы шиеленісте қаншама тағдыр талқандалды.



алдындағы борыштан қашпау керек.

– Мемлекет тарапынан көрсетілетін көмекке қолдериңіз тола ма?

**Болатбек Төлегенов:** – Бұл соғыстан қайтқанымызға 30 жылдан астам уақыт болды. Алайда күні кеше 2020 жылы еліміздің Президенті Қасым-Жомарт

Тоқаевтың арқасында дәрежемді Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің статусымен теңестіріп, «Шетел аумағындағы ұрыс-қимыл ардагері» деген атақ берілді. Алайда жақсылықтың ерте-кеші жоқ, біз дән ризамыз. Көптеген жеңілдік қарастырылған, ескерусіз қалмаймыз. Оған алғыс білдіреміз, қанағат тұтамыз.

Алайда әттеген-ай деп қалатын ұқыс бар. Осы мәселені көтеріп жүргеніме біраз уақыт болды. Өңірде Таулы Қарабақ ардагерлер қоғамдық бірлестігі бар. Осы жөнінде облыс әкіміне де, қала әкіміне де қаншама өтініш жазып, жеке де кіріп мәселемді жеткізіп жүрмін. Айттып өткенімздей, бұл қақтығыс туралы мәлімет аз немесе көп жерде айтыла бермейді. Бірақ бұл да бір тарих. Халықтың осы қақтығыс туралы білгенін қалаймыз. Сол себепті осы соғыс ардагерлері мен қаза тапқандардың рухына арнап ескерткіш бой көтерсе деген тілегіміз бар.

– Әлгіменіңізге рақмет! Аман болыңыздар!

Нұршат НЫШАНОВА



қарай, қаза тапқандар да болды. Жағдай ұшығып, қаруланған армян топтары шабуылға дайындалып тұрған. Дәл сол сәтте біз араласып, шиеленісті одан әрі өршітпей, қақтығыстың алдын алдық.

Әзірбайжандық жолаушыларды аман алып қалған сол сәт әлі күнге дейін көз алдымнан кетпейді. Кейін бұл оқиға туралы баспасөзде де жазылды. Бірақ біз үшін ол жай ғана мақала емес, өмір мен өлімнің арасындағы сәт еді.

– Жауынгерлік жолдағы ең ауыр немесе есте қалған сәт туралы айтып берсеңіздер.

**Болатбек Төлегенов:** – Көп дүние әлі күнге дейін айтылмай келеді. Біз сол қақтығыстардың ішінде талай мәрте шабуылға ұшырадық, қаншама қазақ сарбазы қаза тапты. Ең өкініштісі – олардың соғысқа қатысқанын дәлелдейтін бірде-бір құжат жоқ. Жылдар өте келе архив ақтарып, іздеген деректің бәрін зерттей жүріп, осы шындыққа көзім жетті. Ұмыт қалған тағдырлар, аты аталмай кеткен ерлер бар.

27 мамыр күні болған оқиға жадымда ерекше сақталып қалды. Бұл – сол қақтығыс кезіндегі ең ауыр әрі ұмытылмас ұрыс күндерінің бірі. Қаланың қан ортасында, бейбіт халықтың көз алдында аяқ астынан қиян-кескі атыс басталды. Оқ жаңбырша жауды. Бірақ бізге қарсы оқ жаудырып жатқандарға жауап қайтаруға рұқсат берілмеді. Сол сәтте сарбаз үшін ең ауыры – қолында қару бола тұра, оны қолдана алмау екен.

Біз техника астына тығылып, бас сауғаладық. Әр секунд созылып, мәңгілікке айналғандай көрінді. Жанмызды шүберекке түйіп, үнсіз жаттық. Арада

Қаншама ана баласынан айырылып, қаншама бала жетім қалды. Бұл соғыс емес дегенге қалай сенуге болады? Бұл – нағыз соғыс еді. Тек оның аты ғана басқаша аталып кетті. Сондықтан осы қақтығыстың тарихын білу – кейінгі ұрпақтың парызы.

**Асылбек Ахметияұлы:** – Бір күні Мегрей станциясында жолаушылар пойызына шабуыл жасалды. Бірінші вагон жарылып, адам шығыны болды. Біз дер кезінде әрекет етіп, одан да үлкен қақтығыстың алдын алдық.

Тағы бір ауыр оқиға – 15 адамдық күзет құрамына жасалған шабуыл. Командирге қару тақап, бұйрық бергізіп, қанды шайқас орын алды. Бейбіт күзетшілер қаза тапты.

– Соғыстан кейін тұйық болып қалған ойлар болды ма?

**Асылбек Ахметияұлы:** – Соғыстан кейін тұйық болып кеттім. Мінезім өзгерді. Біраз уақыт ішімдікке де әуес болдым. Бейбіт өмірге бірден үйрену оңай емес.


Тіпті әкем қайтыс болғанда жылай алмадым. Кейін уақыт өте келе керісінше сезімтал болып кеттім.

– Бүгінгі жастарға не айтасыздар?

**Асылбек Ахметияұлы:** – Жастар бейбіт елде өсіп жатыр. Солай жалғаса берсін. Бірақ патриоттық рух әлсіреп барады. Көп жас әскерден қашады.

Әскер – тәртіп мектебі. Ер азаматты шыңдайтын жер. Біздің кезбен салыстырсаң, қазір бәрі жеңілдетілген. Бірақ бәрібір Отан

«Бейбіт заманда байқаусызда балалар ысқырып қалса, атам қатты ұрысатын. Біз бала едік, түсінбейтінбіз. Ал дәл сол ысқырық оған қанды майданды еске салатынын кейін ұқтық. Жарылған миналардың ұшқыны да дәл солай ысқырып өтеді екен ғой...»



Икрам Төлебаев

Бізге бір ұрысып, артында «еліміз тыныш, жұртымыз аман, заманымыз бейбіт болсын, ұрыпағымыз енді соғыс көрмесін» деп дұға жасап отыратын еді...»

Батыр атасын еске алған Маржан апай сөзін дәл осы естеліктен бастады.

Әр шаңырақта ұрпағына үлгі болған, әр сөзі жүректен өшпейтін, есімі ел жадында сақталған тұлға бар емес пе!? Сол есімдердің бірі – Икрам Төлебаев.

1911 жылы дүниеге келген Икрам ата бейбіт тіршіліктің адамы еді. Ұрпағының айтуынша, Икрам Төлебаев 7 жылдық орта білімі бар қарапайым ауыл баласы болған. Ағасы Әбді Төлебаев ұстаздық жолды таңдап, балаларға білім берумен айналысқандықтан, соғысқа алынбай, тылда қалады. Ал Икрам ата болса, тағдырын майданмен байланыстырған буын өкіліне айналды. Осылайша 1941 жылы басталған сұрапыл соғыста жауға қарсы шығу үшін қаруын қолына алып, майданға аттанады.

Оның майдан жолы – тарихтың ең ауыр нүктелерімен тұспа-тұс келгендей. 1942-1943 жылдары Сталинград түбіндегі фронтта, 1943-1945 жылдары Украина, 1-ші Балтық, 3-ші Беларусь, Шығыс Пруссия майдандарындағы кескілескен ұрысқа тікелей қатысқан.

Икрам Төлебаев 87-гвардиялық атқыштар дивизиясының 192-гвардиялық артиллериялық полкінде жауынгер болды. Бірақ ол жай ғана сарбаз емес еді. Шығыс Пруссияны фашистерден азат ету кезінде телефонист қызметін атқарған ол оқ пен

1945 жылдың 9 мамыры. Қан майдандағы ұрысқа соңына дейін қатысқан Икрам ата елге оралды. Бірақ соғыс оның жадынан ешқашан кеткен емес.

Майданнан кейінгі өмірінде де Икрам ата елге адал қызмет етті. Ол Сырдария ауданына қарасты Қаракөл ауылында зейнет жасына дейін есепші, бас есепші, кейінгі жылдары қойма меңгерушісі қызметтерін абыроймен атқарған. Ұлы Отан соғысының мүгедегі бола тұра, қол қусырып отырмай, бейбіт еңбекке араласуы – оның өмірлік ұстанымын айқындайды. Қаракөл жерінде үздіксіз еңбек еткен ардагер 1974 жылы республикалық дәрежедегі дербес зейнеткер атанған. Бұл – тек еңбек жолының емес, ел алдындағы адал қызметтің де бағасы.

Батыр атаның ұрпағы оның есімін мақтанышпен еске алып, ерлік жолын кейінгі буына үлгі етеді. «Ер есімі, ел есінде» демекші, осындай тұлғалар ұрпақ жадында сақталып, әрдайым құрметпен айтылатын кастерлі есім.

Әлия ТӘЖІБАЙ



оттың ортасында байланыс жүйесін үзбей ұстады. Жарылып жатқан бомбалар мен миналарға қарамастан, үзілген байланысты 26 рет қайта жалғап, бөлімшелердің арасындағы байланысты сақтап қалған.

Жауынгердің бұл ерлігі елеусіз қалмай, 1943 жылы «Жауынгерлік еңбегі үшін» медалімен, ал 1945 жылдың ақпанында «Қызыл жұлдыз» орденімен марапатталған. Сонымен қатар 1945 жылдың сәуірінде екінші мәрте «Қызыл жұлдыз», 1985 жылы II дәрежелі Отан соғысы ордені, кейін жеңістің 30,40,50 жылдығына арналған медаль табысталған.



Қызы Жұмашпен бірге



## МЕНИҢ АТАМ – МАЙДАНГЕР

1941-дің жазы еді, Ел дүрлікті, таң нұрлы. Кетті аттан деп бозбалалар тағдырды, Нағашы атам он тоғызда-ор жаста, Қонғасыпты ауылымен сол жаста.

Қара бұлт торлап көкті күңіреткен, Соғыс атты зұлмат жылдар түнерткен. Қолына қару алып, елі үшін, Нағашы атам майданда ерлік еткен.

Елін қорғау ер міндеті қашанда, Жүру үшін ашық аспан астында Сол ерлердің қатарында атам бар, Ерлік етіп, жауға қарсы аттанған.

Қиын болар күресу жеңіс үшін, Көрсетті майдангерлер ерлік күшін Рейхстагқа ту тіккені Рақымжанның, Тоқтатты қазағымның қиын күнін.

Рейхстагтың төбесінде сол бір сәтте, Жеңіс туы желбіреп жетті көкке Сол сәт болды жеңістің биік үні, Ерлікпенен жазылды тарих күні.

Солдаттарда сағыныш пен нұрлы күн, Атам менің жеңді жауды ұлы күн Оралды елге ту астында бірігіп, Кеудесінде ордендері ілініп.

Тапсырған жеңіс туын ел батырға, Ұлы Отан соғысы толы жырға Сондықтан құрметтейік, кастерлейік Ардагерлер мәңгілік биік тұлға.

Ұмытылмас ұлы тұлға ерлігі, Жеңіс үшін бірлескен ел бірлігі. Атам лайық құрмет пен ұлы сыйға, Ел жастары тұлғаларды мәңгі сыйла! Жылқыбаев Кешілік атам менің, Ұмытпайды ерлігіңді ешбір елің.

Құрметке лайық жандар – ардагерлер. Бізге мәңгі өнеге болған ерлер. Т.Жүргенов ауылынан көше берсе, Ер есімі жаңғырап ел есінде.

Жиен немересі  
Аружан Жаркынбекқызы,  
Қызылорда «Сейхун» колледжінің  
2-курс студенті

# ҰСТАЗ МӘРТЕБЕСІ – НАЗАРДА

Басы 1-бетте

«N» мектебінде мынадай жағдай болған екен. Жазғы демалыс кезінде бір топ жігіт төбелесіп, жарақат алған. Олардың ішінде Нұржан да бар еді. Қақтығыс барысында ол мұрнын сындырып алды. Құқық қорғау органдары ең алдымен кімді іздейді? Әрине, сынып жетекшісін. Мұғалім өзінің заңды демалысында жүргеніне қарамастан, полиция бөлімшесіне шақырту алады. Бұл – ұстаздардың басты уайымы. Себебі жеке демалыс уақыты да жұмыс үшін кедергі емес.

Бұл мәселе Мәжіліс мінберінде талқыға түсті. Депутат Асхат Аймағамбетов бұл әділетсіздікті ашық айтып, заңнамалық түзетулер қажет екенін алға тартты. Ендігі кезекте педагог баланың өмірі мен денсаулығына тек оқу-тәрбие процесі кезінде ғана жауапты болады.

– Жазда, кешкі уақытта немесе демалыс күндері құқық бұзушылық жасаған немесе келенсіз оқиғаларға тап болған. Ол кезде жандарында мұғалімдер болған жоқ. Олар демалыста, үйлерінде болды. Өйткені бұл каникул уақыты, кешкі уақыт және бұл жұмыс уақытынан тыс болған еді. Бірақ соған қарамастан мектеп директорлары мен мұғалімдері жазаланды. Тіпті жұмыстан шығаруға дейін барды. Әрине, бұл – әділетсіздік. Біз енді заңға нақты норма енгіземіз. Педагог балалардың өмірі мен денсаулығы үшін тек оқу-тәрбие процесі кезінде және өзінің лауазымдық міндеттері аясында ғана жауапты болуы керек. Жазғы демалыс – ата-ананың жауапкершілігі, түнгі уақыт ол да ата-ананың жауапкершілігі, демалыс күндері де ата-ананың жауапкершілігі, – деді депутат.

Жазғы демалыс, кешкі уақыт және мереке күндері – бұл ата-ананың тікелей жауапкершілік аймағы. Бірақ мәселе тек заңда емес, қоғамның санасында. Ата-ана өз баласына тәрбие беру мен бақылау жасауды толықтай мектепке ысырып қою әдетінен арылмайынша, мұғалімнің «арқалаған жүгі» жеңілдемек емес.

## SMM-МҰҒАЛИМ

Бүгінгі ұстаздың тағы бір қасиеті – көрсеткіш қуу. Білім беру сапасынан бұрын, сол білімнің маркетингі назарға алынады. Әлеуметтік желілердің дамуы мектеп өміріне де әсерін тигізді. Мұғалім саналы бала өсіруді емес, сапалы видео жасауды мақсат етеді. Ал бұл сабақ барысына біршама кедергіге айналды.

«Педагог мәртебесі туралы» заңның 16-бабы мұғалімнен оның кәсіби міндетіне жатпайтын есептерді талап етуге қатаң тыйым салады. Жақында бұл мәселе заңмен бекітіліп, тиісті жауабын алды.

– «Педагог мәртебесі туралы» заңның 16-бабына сәйкес, педагогтың өзінің кәсіби міндеттеріне жатпайтын есептер мен мәліметтерді талап етуге тыйым салынады. Сондықтан, мұғалімнен арнайы монтаждалған бейнеролик немесе фото-альбом талап ету заңсыз. Егер ашық сабақ мектептің имиджілік жұмысы үшін түсірілуі қажет болса, бұл жұмысты ұйымдастыру – мектеп әкімшілігінің міндетіне жатады, – деді Б. Алтынсарин атындағы ҰБА ғылыми-әдістемелік сүйемелдеу орталығының мамандары.

Ұстаз – шығармашылық адамы, бірақ оның шығармашылығы видео монтаждауда емес,



баланың санасына ақпаратты түрлі тәсілмен беруінде. Мұғалімді өз еркінен әлеуметтік желіге бейімдеу – білімнің құнсыздануына әкеледі.

## МЕКТЕПТІ ТЕБІРЕНКЕН ТРЕНД

Төбеді атап өткеніміздей, мұғалім құқығы заңмен қорғалған. Дегенмен қоғам түзелмейінші мәселе өзектілігін жоғалтпайды. Иә, құжат бойынша шешім бар. Бірақ ұстазға арқа сүйеп, жеке уақытқа қол сұғушылық әлі де жоғалмады.

Жақында «TikTok» әлеуметтік желісінде «дастиндукас» атты тренд пайда болды. Мұнда оқушылар ұстаздарының суретін бейдеп сөздері бар аудиожазбалармен қосып, видео жариялайды. Тренд

бастауын басқа мемлекеттерден алған. Ал қазірде ол Қызылорданың да оқушыларының арасында таралып жатыр. Мұндай видеолар миллиондаған қаралым жинамаса да, мектептің ортасында мұғалімнің абыройын төгеді. Бұл жерде тәрбиенің тал бесігі – отбасы ролі асап тұр. Баланың мұғалімді келемеждеуіне жол беру – қоғамның рухани құлдырауының белгісі. Мұндай жағдайда тек заңмен ғана емес, мектеп ішкілік тәртіппен және ата-ананың қатаң қадағалауымен күресу қажет. Басты мәселе мемлекетте емес, ата-ана мен баланың ұстаздыққа немқұрайлы қарауы. Бала үшін мектеп уақыты тез өтеді де кетеді. Ал ұстаз білім

ордасында әрі қарай қызметін жалғастырады. Егер біз мұғалімді тек «барлық мәселеге жауапты маман» ретінде көрсек, болашақ ұрпақтың сапасы туралы айтудың өзі артық.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ұстаздардың құқығын қорғау мәселесін әрдайым басты назарда ұстап келеді.


– Мұғалімнің құқығын қорғау мәселесі әрдайым басты назарда болуға тиіс. Біз ұстаздарды өз міндетінен тыс жұмыстардан босаттық, бірақ кейде жергілікті билік өкілдері заң талаптарын өрескел бұзып жатады, мұндай жағдайға жол берілмеу керек. Прокуратура

орғандары мұндай заң бұзушылықтарға тосқауыл қоюы қажет, – деген Мемлекет басшысының сөзі жергілікті билік үшін нұсқау болуы тиіс.

Ұстаз мәртебесін көтеру – тек жалақыны өсіру емес. Ол – мұғалімнің уақытын ұрламау, оның кадр-қасиетіне қол сұқпау және оған кәсіби маман ретінде сенім білдіру. Бірақ оған қарамастан заң еленбеген кездер болды. ВАQ.KZ сайтының ақпаратына сәйкес, 2025 жылы Қостанайда мұғалімдерді рейдке шығару жөнінде ұсыныс айтқаны туралы ақпарат тараған. «Әкім балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ұстаздарды рұқсат етілмеген су айдындарын күзетуге шығару жөнінде тапсырма берген» делінген ақпаратта. Оған қоса, естеріңізде болса, 2024 жылы 22 желтоқсанда Семейде шыршаны безендіремін деп, биіктен құлаған мұғалім ауыр жарақат алған еді. Бұдан бөлек, мұғалімдерді Кәсіподақтар ұйымына күштеп кіргізуге қатысты сын да жиі айтылып жүрді. Еске алсақ, заң 2019 жылы күшіне енді.

Заң қабылданды, енді сол заңның үстемдігін қамтамасыз ету керек. Ұстазды артық есептен, жұмыстан тыс уақыттағы жауапкершіліктен және әлеуметтік желідегі балағаттан қорғау – мемлекеттің ғана емес, ата-ананың да міндеті. Егер бала тәрбиесі мұғалімнің ғана мойнына жүктелсе, ата-ана жауапкершілігі сезінбейді. Ұстаздық ұлы қызмет болуы үшін, оған лайықты жағдай мен шынайы құрмет керек. Тәртіп пен талап болмаған жерде, мәртебе де болмайды. Сондықтан ұстаздың қадірін әрекетпен дәлелдейік!

М.МАЙБЕКҚЫЗЫ



**Уақыт – адамға берілген ең қымбат мүмкіндіктердің бірі. Оны қалай өткізу – әркімнің өз таңдауы. Алайда уақыттың қайта оралмайтынын естен шығармаған жөн.**

Осы орайда біз жастармен тілдесіп, шағын сауалнама жүргізуді жөн көрдік.

Кешкі Қызылорда. Сырдария жағасынан ескен жеңіл самал қаланы бауыр тербеткендей. Күн тыныштала бастағанымен, жастар өмірі дәл осы сәтте жандана түседі. Бос уақыт олар үшін тек демалыс емес – өзінің дамуы, орта қалыптастыру, тіпті болашаққа бағыт іздеу кезеңі. Дәл осы уақытта 22 жастағы қызылордалық Мағжанмен тілдестік. Ол бос уақытын тиімді пайдалануға тырысатынын айтты.

– Жұмыстан немесе сабақтан кейін түрлі іс-шарға қатысқанды ұнатамын. Дебат, жайдарман, университеттегі жобалар дамуға жол ашады. «Адам қоғамға тәуелді» деген сөз бекер айтылмаған. Адам әрдайым ортамен байланыста болуы керек.

Бос уақытымызды осы қажеттілікте өтеуге жұмсаймын. Сонымен қатар кітап оқуға да уақыт бөлемін. Ал XXI ғасырда гаджеттерсіз де болмайды: YouTube, подкасттар, фильмдер – күнделікті өміріңіздің бөлігі, – дейді ол.

## БОС УАҚЫТТЫҢ БАҒАСЫН БІЛЕСІЗ БЕ?

**Қазір қолыңда ұялы телефоның мен басыңда күлкілі таспаға идеялар көп болса билікке бас сұғып кіруге мүмкіндігі бар. Бұл кликбейт емес, бұл – бүгіннің шындығы. Бұрын саясат пен мемлекеттік қызметке келу ұзақ жылдық тәжірибе мен жүйелі білімнің нәтижесі саналса, қазір танымалдылық – билет іспетті. Кеше ғана әлеуметтік желіде аудитория жинап жүрген блогер, сахнада образ сомдаған актер, не болмаса спорт алаңында тер төккен чемпион бүгін мемлекеттік лауазым несі ретінде ел алдына шығып жатыр. Бұл – заман талабы ма, әлде жүйенің әлсіз тұсы ма?**

Осы сұрақтың төңірегінде ой қозғағанда, ең алдымен тұлға мен жүйе арасындағы тепе-теңдікті таразылау қажет. Себебі жеке харизма мен кәсіби құзыреттілік әрдайым бір-бірімен үйлесе бермейді.

Мәселен, Даулет Мұқаев – кейінгі жылдары саясат сахнасына блогерліктен келгендердің бірі. Әлеуметтік желі арқылы жастарға бағыт-бағдар беріп, қаржылық сауаттылықты насихаттаған ол бүгінде депутаттық мінберден қоғамдағы өзекті мәселелерді көтеріп жүр. Оның бастамалары арасында жастар саясаты, қаржылық тәрбие, әлеуметтік теңсіздік тақырыптары бар. Мұқаевтың артықшылығы – аудиториямен тікелей байланыс орната білуі және қоғамдағы проблемаларды «ішінен» сезінуі.

Алайда бұл мысал жалпы үрдісті толық ақтай ала ма?

Кеше ғана Түркістан облысында тағы бір қызық та даулы тағайындау орын алды. Мансар Орынхан есімді блогер әрі актер күрес федерациясының медиа саласына жауапты вице-президенті қызметіне келді. Бұл жаңалық қоғамда екіұшты пікір туғызды. Бірі – заманға

Бұл тұрғыда блогерлер мен медиа тұлғалардың артықшылығы бар.

Мысалы, Бауыржан Байбек немесе Асхат Аймағамбетов секілді дәстүрлі жолмен келген шенеуніктер жүйені ішінен меңгеріп шыққан кадрлар болса, жаңа буын өкілдері жүйеге сырттан келген «жаңа қан» іспетті. Бірақ дәл осы «жаңа қанның» сапасы қандай – басты сұрақ осы.

Спортшылардың саясатқа келуі де жаңа құбылыс емес. Мәселен, Серік Сәпиев – Олимпиада чемпионы, кейін мемлекеттік қызметте түрлі лауазымдар атқарды. Оның жұмысы қоғамда көбіне оң бағаланады. Себебі ол тек атакпен емес, басқарушылық тәжірибемен де өзін дәлелдеуге тырысты.

Геннадий Головкин де спорт саласында жетекшілік қызмет атқарып жүр. Оның да басты

18 жасқа енді қадам басқан Аружан үшін бос уақыт – мүмкіндіктер кеңістігі. Ол еріктілер қозғалысына қатысып, қаладағы тазалық акциялары мен әлеуметтік жобалардан тыс қалмайды.

Ал 19 жастағы Нұртуған үшін ең құнды уақыт – жақындарымен бірге өткізген сәттер.

– Мен үшін ең маңыздысы – жақындарыммен бірге уақыт өткізу. Кейде бірге кітап оқимыз, кейде болашақ жоспарларымызды талқылаймыз. Мұндай сәттер қарым-қатынасты нығайтады, – дейді ол.

Дегенмен, барлық жас бос уақытын тиімді пайдаланып жүр деу де біржақты пікір. Кейбірі үшін бұл уақыт әлеуметтік желімен ғана шектеліп қалады. Сағаттап телефонға үнілу, мақсатсыз уақыт өткізу – бүгінгі қоғамның алаң көріністерінің бірі.

Соған қарамастан, Қызылорда жастарының арасында уақыттың қадірін түсініп, оны дамуға бағыттап жүргендер, аз емес. Бірі білім мен ізденіске бет бұрса, енді бірі қоғамға пайда келтіруге тырысады, ал кейбір адам арасындағы қарым-қатынасты жоғары қояды.

Қорытындылай айтқанда, бос уақыт – әр адамның қолындағы мүмкіндік. Оны тиімді пайдалану – жеке таңдау. Бірақ бір нәрсе анық: уақыттың қадірін білген адам ғана өз болашағын саналы түрде қалыптастыра алады. Бастысы – бос уақыттың бағасын білу.

Ақбота Қолғанат

# БЛОГЕР бас боламын десе...



сай қадам десе, екіншісі – кәсіби кадрлардың бағаланбаудың сыңға алды.

Шын мәнінде, мәселе нақты бір адамда емес. Мәселе – критерийде.

Билікке келудің нақты өлшемдері қандай? Арнаулы білім бе, тәжірибе ме, әлде танымалдылық па? Егер бүгінгі жүйеде үшінші фактор басым болса, онда ертең мемлекеттік шешімдердің сапасы қандай болмақ?

Қарапайым логикаға салсақ, мемлекеттік басқару – күрделі механизм. Мұнда экономика, құқық, халықаралық қатынастар, әлеуметтік саясат сияқты салалардың тоғысқан нүктесі жатыр. Бұл – тек сөйлеу шеберлігі немесе аудиторияны ұстай білу ғана емес, маңызды шешім қабылдай алатын кәсіби дайындықты талап ететін сала.

Дегенмен жаңа буын өкілдерінің билікке келуін біржақты теріске шығару да дұрыс емес. Себебі олар – қоғамның сұранысынан туған феномен. Халық бүгін кабинеттен шықпайтын шенеунікпен гөрі, өзімен тіл табыса алатын, оның мұңын түсінетін тұлғаны көргісі келеді.

капиталы – сенім мен бедел. Бірақ дәл осы бедел кәсіби басқару дағдыларымен толықтырылмаса, ұзақ мерзімді нәтиже беруі екіталай.

Сонда «болар бала он бесінде бас болады» деген тәмсіл бүгін қаншалықты өзекті?

Иә, қабілетті адамды ерте танып, қолдау – қоғам үшін маңызды. Бірақ қабілет пен танымалдылықты шақтастырып алмау керек. Әлеуметтік желідегі миллиондаған оқырман – бұл басқарушылық қабілеттің дәлелі емес. Бұл – тек коммуникацияның күші.

Бүгінде кейбір тағайындаулардың астарында нақты критерийден гөрі, хайп пен танымалдылықтың ықпалы басым сияқты көрінеді. Бұл – қауіпті тенденция. Себебі мемлекеттік қызмет – эксперимент алаңы емес. Әрбір шешімнің артында халықтың тағдыры, бюджет қаржысы, елдің болашағы тұр.

Сонымен қатар кәсіби кадрлардың көлеңкеде қалып қою қаупі бар. Жылдар бойы білім алып, тәжірибе жинаған мамандардың орнына танымал тұлғалардың келуі – әділетсіздік мәселесін де көтереді. Бұл жағдайда қоғамда еңбек емес, атак маңызды деген түсінік қалыптасуы мүмкін.

Дегенмен мәселені тек кара бояумен суреттеу де әділдікке жатпайды. Егер блогер, актер немесе спортшы өз саласында жетістікке жетіп

қана қоймай, мемлекеттік қызметке саналы түрде дайындалып келсе, білімін жетілдірсе, онда оның келуі – қоғам үшін пайда әкелуі әбден мүмкін.

Мәселе – жауапкершілікте. Билікке келген әрбір тұлға өз аудиториясына емес, бүкіл халыққа жауапты екенін түсінуі керек. Ал қоғам эмоциямен емес, нәтиже арқылы бағалауды үйренуі тиіс.

Қорытындылай келе, бүгінгі Қазақстанда билікке келудің жаңа моделі қалыптасып жатқанын байқаймыз. Бұл модельде танымалдылық пен қоғамдық ықпал үлкен рөл атқарады. Бірақ дәл осы модельдің өміршеңдігі оның ішкі сапасына байланысты болмақ.

Егер жүйе нақты критерийлерге сүйеніп, кәсіби дайындықты бірінші орынға қойса, жаңа буын ел дамуына серпін беруі мүмкін. Ал егер шешуші фактор ретінде тек танымалдылық қала берсе, онда бұл құбылыс уақытша тренд ретінде ғана тарихта қалуы ықтимал.

Қоғам алдында тұрған басты таңдау нақты нәтиженің қамын қарастырса екен дейміз, себебі мемлекет – сахна емес. Ал шынайы басқару – лайк пен қаралымнан әлдеқайда күрделі.

Қорлан САРЫ



## ЖАНҒА ШИПА, ЖҮРЕККЕ ЖЫЛУ СЫЙЛАЙТЫН МАМАНДАР

Міне, осындай мамандардың қызметі мен еңбегін ұлықтау мақсатында 12 мамыр – Халықаралық мейірікке күні ретінде бекітілген. Осы орайда І ЖТД мейірікесі Сәуле Жүсіпқызымен жүздестік.

– Ақ халатты абзал жандар, мерекелеріңіз құтты болсын! Жасаған еңбектеріңіз жемісті болып, құрметтің төрінен көріне беріңіздер! Әр күніңіз алғыс пен қуанышка толы болсын. Мейіріміңіз бен жылы сөзіңіз емделушілерге шипа болсын! – деп Сәуле Әбішева әріптестерін алғаш болып құттықтады.

Иә, мейірікке – тек медицина қызметкері ғана емес, ол науқастың жанынан табылатын жанашыр жан. Бұл сөзімізбен біздің кейіпкеріміз де келесі.

– Адам өміріндегі ең басты құндылық – денсаулық. Ал сол денсаулықты сақтауда мейірікенең орны ерекше. Мейірікке тек ем-дом жүргізіп қана қоймай, науқасқа үміт пен сенім сыйлайтын жан. Оның мейірімі мен қамқорлығы науқастың тез сауығып кетуіне

үлкен күш береді. Сондықтан адамдарға жанашырлықпен қарау – біздің басты міндетіміз.

Осы себепті мен мейірікке мамандығын таңдадым. Бұл – адам өміріне тікелей араласатын, үлкен жауапкершілікті талап ететін әрі аса маңызды мамандық. Ауырып жатқан адамдарға көмек көрсету, олардың сауығып кетуіне үлес қосу – мен үшін үлкен бақыт, – дейді Сәуле Жүсіпқызы.

Қызметтің оңайы жоқ. Бұл саланың да қиындықтары бар.

– Әрине, кейде қиындықтар да болады. Әр адамның мінезі әртүрлі, бірақ мен үшін ең бастысы – сабыр сақтап, әр науқастың жағдайына түсіністікпен қарап, кәсіби көмек көрсету. Мұны өзіннің басты міндетім деп білемін. Сондықтан мейірікке болу – жүрек қалауы мен адамдарға деген шынайы сүйіспеншілікті қажет ететін мамандық. Қиын сәттерде де олар өз міндетін адал атқарып, адам өмірі үшін күреседі, – дейді ол.



Сурет ашық дереккөзден алынды

жанын түсіну, оның қорқынышы мен үмітін бірге бөлісу, қиын сәтте демеу болу.

Бұл жолда түрлі қиындық кездесуі мүмкін: ауыр жағдайдағы науқастар, эмоциялық тұрғыдан күрделі сәттер, үлкен жауапкершілік пен тынымсыз еңбек. Алайда осындай сынақтардың өзі мейірікке мамандығының мәнін арттырып, оның адам өміріндегі орнын айқындай түседі. Сол себепті шыдамдылық, сабырлық және мейірімділік – бұл мамандықтың ажырамас бөлігі, – деп қорытындылады Сәуле Жүсіпқызы.

ӘЖАНӘБІЛҚЫЗЫ

Дәрігерлерден артық болмаса, кем қызмет етпейтін, ауырып ем іздеп барғанда, жылы шырай танытатын мейірікелердің еңбегі орасан зор. Олардың жұмысы көзге көрінбесе де, мейірікелер денсаулық сақтау саласының ең маңызды тіректерінің бірі. Науқастың жағдайын бақылап, дәрігердің нұсқауын дәл орындай отырып, ең алдымен адамға жылулық пен үміт сыйлай біледі. Олардың мейірімі мен шыдамдылығы кейде дәрізден де артық әсер ететіндей. Өйткені науқас үшін тек ем ғана емес, рухани қолдау да аса маңызды.

## ҰЛТТЫҚ ҚОЛӨНЕРДІ ДӘРІПТЕГЕН ҰСТАЗ

Қазақ халқының ежелден келе жатқан бай мұрасының бірі – қолөнер. Соның ішінде жүннен бұйым жасау өнері – ұлттық болмысымызды, тұрмыс-тіршілігімізді және эстетикалық талғамымызды айқындайтын ерекше бағыттардың бірі. Табиғи материалмен жұмыс істеу арқылы жасалатын бұл өнер түрі тек тұрмыстық қажеттілікті өтеумен шектелмей, адамның шығармашылық қабілетін дамытып, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге үлес қосады.



Осы орайда №282 мектеп-лицейінің көркем еңбек пәні мұғалімі Кенже Ағатаева оқушыларға жүннен бұйым істеу өнерін үйретіп, оны заманауи бағытта дамытуға атсалысып келеді.

– Жүн өңдеу мен одан бұйым жасау – көп еңбекті, шыдамдылықты және шеберлікті талап ететін күрделі процесс. Ең алдымен, жүнді дұрыс іріктеп, тазалап жуу қажет. Содан кейін оны түтіп, үлпідетіп, біркелкі күйге келтіреді. Жүннен бұйым жасаудың қыр-сыры оның илеу, иіру, бояу және қалыпқа келтірумен байланысты. Әр кезеңде температура, ылғалдылық және қолдың қозғалысы үлкен рөл атқарады. Сонымен қатар бұйымның сапалы шығуы үшін жүннің түрін дұрыс таңдау да маңызды. Мысалы, қой жүні мен түйе жүнінің қасиеттері әртүрлі болады. Ең бастысы – әр бұйымды жасау барысында ұқыптылық пен шығармашылық үйлесуі керек, сонда ғана әдемі әрі сапалы өнім шығады, – дейді Кенже Ағатаева.

Кейіпкеріміздің айтуынша, сапалы жүн табу, оны өңдеудің күрделілігі және көп уақыт пен еңбекті талап етуі – бұл саладағы басты қиындықтардың бірі.

Уақыт демекші, бір бұйымды әзірлеуге әртүрлі уақыт кетеді. Мысалы жеңіл қарапайым бұйымдарды жасауға шамамен бірнеше сағаттан 1 күнге дейін жұмсалады. Ал күрделі үлкен қолөнер бұйымдарын дайындау 2-5 күнге, кейде одан да ұзаққа созылады.

– Сонымен қатар жүнді өңдеу, түту, бояу сияқты дайындық кезеңдері де тез аяқталмайды. Сондықтан әр бұйымға жұмсалатын уақыт шебердің тәжірибесі мен жұмыстың ерекшелігіне қарай өзгеріп отырады, – деп түсіндірді маман.

Өңгіме барысында жүннен жасалған бұйымдардың адам денсаулығына қандай пайдасы бар екенін де түсіндірді.

– Жүннен жасалған бұйымдардың адам денсаулығына бірнеше пайдалы әсері бар. Ең алдымен, табиғи жүн жылууды жақсы сақтайды, сондықтан ол суықтан қорғайды және дененің жылуын тұрақты ұстап тұрады. Сонымен қатар, жүннің құрамында табиғи қасиеттері бар болғандықтан, ол ауа өткізгіш келеді, теріні тыныштандырып, қолайлы микроклимат қалыптастырады. Кейбір жүн бұйымдары, мысалы, белдік, көрпеше қан айналымын жақсартып, бұлшық еттің босануына көмектеседі. Тағы бір маңызды пайдасы – жүннің табиғи құрылымы адамға жайлылық беріп, шаршауды азайтады және тыныштық сезімін қалыптастырады, – деді Кенже Ағатаева.

Бүгінде ұлттық нақыштағы бұйымдарға деген қызығушылықтың жоғарылағаны байқалады. Шебердің айтуынша, халық табиғи әрі экологиялық таза өнімдерге көбірек мән бере бастаған.

– Бұрын мұндай бұйымдар тек үй тұрмысында қолданылса, қазір олар интерьердің ажырамас бөлігіне айналды. Жастар да ұлттық нақышты заманауи стильмен үйлестіріп, жаңа бағытта дамытып жүр, – дейді ол.

Кейінгі жылдары жастар арасында жүннен бұйым жасау өнеріне деген қызығушылық та арта түскен. Дегенмен бұл сала шыдамдылық пен уақытты қажет етеді. Соған қарамастан, оқушылар мен жас қолөнершілердің арасында үйренуге ниеттілер көбейіп келеді.

– Алғашында күрделі көрінуі мүмкін, бірақ қызығушылық болса, кез келген адам меңгере алады. Қазір жастар бұл өнерді тек дәстүр емес, шығармашылық мүмкіндік ретінде қабылдап жүр, – дейді кейіпкер.

Қолөнердің маңызы туралы сөз қозғалғанда, шебер оның тек бұйым жасау емес, ұлттық рухты сақтау құралы екенін ерекше атап өтті. Сонымен қатар алдағы жоспарымен де бөлісті. Шебер ұлттық қолөнерді кеңінен насихаттап, көрмелерге қатысу және тәжірибемен бөлісу арқылы бұл өнерді келесі ұрпаққа жеткізуді мақсат етіп отыр.

Інжу МАРЖАН

### Басы 1-бетте

Айтпақшы, бұл – пилоттық жоба.

– Ауданнан филиал ашу жұмысы былтыр желтоқсанда басталды. Қармақшы аудандық қоғамдық даму бөлімінің басшысы Нұржан Шәли ұсыныс айтып, міне, жақында ғана ашылу салтанаты өтті. «Руханият» орталығында орналасқан «IT Park Qarmaqshy» кабинеті техникалық қажеттіліктермен толық қамтамасыз етіліп, 12 дербес компьютермен жабдықталған.

Біздің негізгі міндет – технология мен жастар арасындағы алаштықты азайтып, оларды өзара байланыстыру арқылы білім беру. Бұл – пилоттық жоба. Басқа аудандардан да ұсыныстар

Оны мүлдем сызып тастай алмаймыз. Десе де қорқынышка бой алдырмау керек. Осыдан он жыл бұрын Қызылордада IT деген түсінік мүлде болған жоқ. Соған қарамастан, Нұрлан Құлмырзаев, Сәбит Ибадулла, Қанат Қараев секілді мамандар бірігіп, қажырлы еңбек етіп, 11 жылдың ішінде бұл саланы белгілі бір деңгейге көтерді. Бұл – үлкен еңбек пен тәжірибенің нәтижесі.

Бір жағынан Қызылорда біз үшін тәжірибе алаңы болды. Қателестік, үйрендік. Соның нәтижесінде қазір жұмысты қалай және неден бастау керек екенін білетін деңгейге жеттік. Енді сол тәжірибені басқа өңірлерде іске асыратын уақыт келді, – деп бөлісті Алматы Қуанышбаев.

### IT Park-тің ішіндегі өмір

Аудандағы жаңалық жайында тарқатқаннан кейін облыстағы орталықтың жай-жапсарына көштік. Сол сәтте резиденттердің де жұмыстан бас алмай отырғанын көрдік. Мысалы солардың бірі – Лияс есімді жігіт Performance Lab сияқты ірі ресейлік тестілеу компаниясында қашықтан жұмыс істейді. Негізінен мобильді

Сонымен қатар IT нарығында кадрларға сұраныс жоғары болғандықтан, компаниялар жас



мамандарға көз тігеді. Яғни, білікті жастар үшін күрес жүріп жатыр, – деп түсіндірді Алматы Қуанышбаев.



Сурет ашық дереккөзден алынды

## АУДАН ЖАСТАРЫНА ЖАҢА МҮМКІНДІК

қосымшаларды тестілеумен айналысады. Австрияда да жұмыс істеп жүрген жастарымыз бар. Олардың кейбірі әлі студент болса да, қатарынан жұмыс істеп, тәжірибе жинап жүр.

Сонымен қатар стартап жобалармен де таныстық. Олардың қатарында финиш шабуылдарын жасанды интеллект арқылы анықтайтын «PhishGuard AI», ойыншыларға тиімді команда табуға көмектесетін «Team for Gamers» платформасы және мектеп асханасына алдын ала тапсырыс беруді жеңілдететін «SmartCanteen» жүйесі бар. Сонымен қатар «School-Quest» оқушылардың белсенділігін арттыратын геймификация элементтерін ұсынаса, «IT Park Academy» – IT-дің барлық бағыты бойынша кешенді білім беретін платформа. Киберқауіпсіздік бағытында «AntiFraud.kz», «ScamRadar AI» және «CyberGuard Kaz» жобалары алаяқтықты анықтау, цифрлық қауіптерден қорғауға бағытталған. Ал «Bolashak EduSpace» университет ресурстарын тиімді басқаруға мүмкіндік берсе, «VectorAI» – логистикалық процестерді оптимизациялайды. Қалалық инфрақұрылымды цифрландыруға арналған «JasylOrda» жобасы жасанды интеллект арқылы мәселелерді талдап, басқару жүйесін жеңілдетеді.

Орталыққа келетіндердің ең кішкентайы тоғыз жаста екен. АҚШ-та өтетін жарысқа дайындалып жүр. Ал ең үлкен қатысушы – 63 жастағы Руслан ағай.

### Үлкен қалаға кеттің бе, жас маман?

Міне, білім алып, дағдыларын дамытып, түрлі мәселені шешетін жобалар жасап, біліктерді бағындырып жүрген жастарымыз жетерлік.

түсіп жатыр, алайда әзірге басқа филиал ашу жоспарда жоқ. Себебі алдымен Қармақшыдағы филиалдың жұмыс барысын толық зерттеп, артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтап алуымыз қажет, – дейді «GRAND master» бағдарламалау мектебінің директоры Алматы Қуанышбаев.

Жоспар да жақсы. Мысалы жастарға ноу-хау бағыттары бойынша қайта даярлау ұйымдастырылады, информатика пәні мұғалімдері мен аудан бағдарламашыларын оқыту да қарастырылған.

Сонымен қатар 300-ге жуық NEET с а н а т ы н д а ғы жастарға да оқыту жүргізіледі. Мамандар жыл соңына дейін Қармақшыдағы ор т а л ы қ п е н тығыз жұмыс істейді. Қазіргі таңда филиалға жетекшілік ететін екі маман облыстағы орталыққа келіп тәжірибе алып жатыр. Google Forms арқылы сауалнама дайындаудан бастап, Instagram парақшасын жүргізуді, AmoCRM, CRM жүйелерімен жұмыс істеуді меңгеруде.

Қазір Қармақшы жастарының алты IT стартап жобасы тіркелген. Олардың қатарында «machine learning» бағыты, нақтырақ айтқанда, машиналық көру технологиясына негізделген жұмыс та бар. Ұйымдастырушылардың айтуынша, жастар ұсынған жоба оларды ерекше таңғалдырған.

– Біз бастапқыда робототехника бағытындағы жобалар болады деп күткен едік. Алайда мұндай жоғары деңгейдегі жоба ұсынылады деп ойламадық, – дейді Алматы Жомартұлы.

Иә, жастардың беталысы жаман емес. Мамандар да мұны мойындап отыр. Десе де жаман айтпай, жақсы жоқ деген де бар емес пе?!

– Дұрыс айтасыз. Тәуекел әрқашан болады.

Жетістіктерін мақтанышпен айтамыз. Бірақ білімі мен білігі бар мамандар облыста тұрақтамайды. Бұл өз алдына үлкен мәселе.

–Жалақы. Иә, мегаполистерге кетудің бірден бір себебі – жалақы деңгейі. Өңірлерде орташа айлық шамамен 350 мың теңге көлемінде болса, Алматы мен Астана сияқты ірі қалаларда бастапқы деңгейдегі әзірлеушілерге 700-800 мың теңгенің көлеміндегі жалақы ұсынылады. Мұндай айырмашылық өрне, жастардың ірі қалаларға немесе басқа елге кетуіне әсер етеді. Себебі олар тиімді мүмкіндікті таңдайды.

### «Жасанды интеллекттің толық сенбеуі керек»

Дағды мен біліктілік сөз болғанда, мамандар жастарға бірнеше кеңес айтып.

– Ақпараттық технологиялар саласына енді қадам басқан жас маман немесе оқушы арнайы орталықтарға келуі қажет. Мұндай ортада ол жаңа біліммен танысып қана қоймай, өз ортасын табады, басқа балалармен араласады және командалық жұмыстың маңызын түсінеді. Сонымен қатар, түрлі жобалар мен жарыстарға қатысу арқылы қабілетін дамытып, тәжірибесін арттырады, – дейді Жанболат Сәдібеков.

Алматы Қуанышбаевтың айтуынша, егер осы салада рәсіммен де дамуды қаласаң, жасанды интеллекттің толық сенбеуі керек. Ең әуелі кітап арқылы базалық білімді меңгерген дұрыс. ЖИ –



пайдалы құрал, уақытты үнемдейді, белгілі бір тапсырманы жылдам орындауға көмектеседі. Бірақ ол – тек көмекші.

– YouTube жоқ, арнайы курстар жоқ уақыт. Компьютердің өзі тек университеттерде ғана бар. Ал ақпарат табу тіптен қиын кезең еді. Бірақ код жазуды үйренуің керек. Қолға ағылшын тілінде жазылған кітап пен сөздікті алып, әр сөзді жеке-жеке аударатынбыз. Дөптерге код жазып, кітаптан көшіріп отырдық. Кейде 10 мың жол кодтың 200-300 бетін қолмен жазатынбыз. Міне, осылай күнделікті дайындалғаннан кейін бір уақыттары кодтың шамамен 70-80 пайызын өзім жазып шығатынмын. Үйренген білімді ешкім тартып ала алмайды, – деді ол.

Міне, мамандармен жүздесіп, бірнеше тақырыпты қозғадық. Расымен, жаңадан ашылған филиал аудан жастары үшін жаңа кезеңнің алғашқы бастапқы болмақ. Бұл бастама тек білім алуға мүмкіндік беріп қана қоймай, ауыл мен қала арасындағы цифрлық алаштықты азайтып, жастардың әлеуетін көтеруге жол ашады.

Ең бастысы – жастардың талпынысы мен үздіксіз еңбегі. Себебі технология – тек құрал, ал оны алға сүйрейтін адам капиталы.

Әлия ТӘЖІБАЙ

# ҚЫЗЫЛОРДАДАҒЫ ТҰҢҒЫШ ИНТЕРНЕТ ГАЗЕТ ОН БЕС ЖЫЛДЫҚ БЕЛЕСТІ БАҒЫНДЫРДЫ



Аида **МАРАТБЕКҚЫЗЫ**,  
ақпараттық агенттіктің тілшісі:

## САЙТҚА КЕЛІП, «ПАПАМДЫ» ТАПТИМ

Алғаш рет 2018 жылы жұмысқа келгенімде мені бас редактордың орынбасары Жәнібек Исаев қарсы алды. Жұмыс барысын толық түсіндіріп, алғашқы күннен-ақ кірісе беруіме болатынын айтты. Ерекше қызығушылықпен келгеннен кейін жаңа орта мен жұмыс процесі бұл салаға тез бейімделуге мүмкіндік берді.

Ұжымға тез сіңісіп, қызметтік міндеттерді де жылдам меңгеріп кеттім. Себебі көбі қатарластарым болды. Сайттағы үлкендерден бастап, кішілерге дейін қолушын созып, білмегенімді үйретті. Маған берген жылулықты сезінгенімнен болар, барлығы мен үшін ең жақын адамдарыма айналды. Әсіресе, Жәнібек ағайдың ақыл-кеңесі жұмыс істеуде көп көмегім тигізді. Ағайды жақын тартқаным соншалық, кезекті бір тапсырмадан соң, кеңес сұрау үшін ағайға «папа» деп айтып қалдым. Кабинетте отырғандардың бәрі ду күлді. Ағай да еш саспастан «ау, қызым» дегенде, ұялғаннан қызарған бетімнің дуылы басылды. Сол оқиғадан кейін Жәнібек ағай менің жұмыстағы әкем, мен оның қызы болып кеттім. Бұл оқиғаны әлі күнге ерекше жылулықпен еске аламын.

Осы салада еңбек етіп келе жатқаным 8 жылдан астам уақыт өтті. Бұл жылдарда қызықты сәттер аз болған жоқ. Ұжымдағы қыздармен түскі ас кезінде басқа қалаға бір күндік сапар ұйымдастырып, жұмыстан соң жолға шығып кеткен сәт те болған. Иссапардан келе жатқан әріптесімді таңғы 6-дағы пойыздан күтіп алып, тосынсыз да жасадық. Айта берсек, қызық көп. Осындай сәттер ұжымдағы сыйластық пен бірлікті одан әрі нығайта түсті. Қазір сол уақыттағы ұжымдастарым басқа қалаларда еңбек етіп жатыр. Арамыз мындағы шәкіршілікке алашақтанғанымен қарым-қатынасымыз, бір-бірімізге сыйластығымыз бұрынғыдан артпаса, кеміген жоқ. Кейде ұжым арасында қалжыңдап, өзімді «алтын құрамнан қалған жалғыз маманмын» деп айтып қоямын.



Айдос **МЫРЗАЛЫ**, СММ-редактор:

## ҚАЗАҚ ТІЛДІ КОНТЕНТТІ АРТТЫРУДА ЕҢБЕК ЕТЕМІЗ

Зерттеп қарасам, жыл сайын қазақ тілін қолданыс аясы артып келеді. Әсіресе, жастардың арасында. 2022 жылы Қазақстанда тіл саясаты мәселелері бойынша әлеуметтік және аналитикалық зерттеу жүргізілді. Оның қорытындысы бойынша халықтың 92%-ы мемлекеттік тілді меңгерген екен. Әсіресе, кейінгі жылдары қазақ тілінде IT, қаржылық сектор, биржа, мәдениет-өнер мен жұлдыздар өмірі, дизайн, ғылым сияқты тақырыптардағы контентке қызығушылық артып отыр. Осы үдеріске бейімделген БАҚ пен әлеуметтік желідегі белсенді азаматтар, яғни, басқаша айтқанда блогерлер қазақ тілінде тиімді әрі қызықты контент ұсына бастады. Әрине, ол контенттің басым бөлігін жастар қолданады.

Сондықтан сараптай отырып, мекеме тарапынан көрсетілген қолдауды толықтай пайдалана отырып, жаңа әрі сапалы контентке қызмет етсек деген мақсат бар. Әрине, бас-тапқыда оңай болмады. Оқырманның көрерменнің сұранысын сарапалап көрдік. Одан әрі, бірнеше жобаны пилоттық режимде жүзеге асырған уақыт та болды. Қазір бәрі бір ізге қойылды.

## KYZYLORDA-NEWS.KZ

### Басы 1-бетте

– Бүгінде ақпараттық агенттік өз биігінде келеді. Сайт айына 64 мыңнан астам келушіні қабылдайды. Жаңалықтар мемлекеттік және орыс тілдерінде жарияланады, сондықтан келушілердің басым бөлігі Қазақстан мен Ресейден келеді. Аптасына 85, кейде 100-ге жуық материал жарияланады.

Әуел бастан интернет-басылымның қалыптасып, жұмысының алға басуына алғашқы редактор Елібай Зұлқарнайұлының мол еңбегі сіңді. Жарғақ құлағы жастыққа тимей, елді тың ақпаратпен қамтамасыз етуге алғашқы кезде қиындықтар болғаны мәлім. Одан бері де әрбір редактор өзінің қолтаңбасын қалдыруға тырысты. Он бес жыл уақыт ішінде алғашқы ашылған интернет газет едәуір алға жылжыды. Дизайн, оқырман тартудан бөлек, біз қазір ақпараттық агенттік жанынан арнаулы студия ашып, білікті мамандармен жұмыс істеп жатырмыз. Ақпараттық агенттік қазір аудио, видео материалдармен толығып, аймақтағы ақпараттарды жан-жақты үлгіде беруді дәстүрге айналдырды. Қоғам үдерісімен бірге дамып келе жатқан агенттіктің он бес жылдағы жетістігі бір атанға жүк болардай, – дейді «Сыр медиа» ЖШС бас директоры Марат Аралбаев.



2011 жылдың 5 мамыры еді... Иә, бұл ақпараттық агенттіктің тарихы сол уақыттан бастау алады. Алғашқыда Қызылорда облыстық интернет газеті болып ашылды. Кейіннен ақпараттық агенттікке айналып, «Сыр Медиа» ЖШС құрамына енді. Бұл енді әңгімеміздің әлқиссасы болсын.

## БІР ІЗГЕ ТҮСУ ОҢАЙ БОЛМАДЫ

Сыр журналистикасында елеулі орны бар Елібай Жікібаев өңірдегі тұңғыш интернет газеттің алғашқы редакторы болды. Соңына өшпес із қалдыра білген ағеден жанның өмірден өткеніне биыл 10 жыл толады. Міне, қай нәрсенің болса да әуелгі аяқалысы мен бастамасы қиын болатыны анық. Оның үстіне, цифрлық Қазақстанның енді ғана қалыптаса бастаған сәті. Сандық технологияның жаңа қадамдарымен бірге оқырманға жол ашқан ақпараттық агенттіктің тілін демде меңгеріп алу мамандарға оңай соққан жоқ. Күштің басым бөлігі сайт операторына түсетіні беседен белгілі. Ол қызметті Насреддин Бахманов мойнына алған еді...

– Алғашқы кезде ақпараттарды сайтқа орналастыру жұмысын игердік. Ол кезде бүгінгідей бір батырманы баса салу жоқ, ақпарат жариялау үшін бағдарламалау тілін меңгеру талап етілетін. Интернет газетте тек Қызылорда облысына қатысты жаңалық жариялап отырдық. Күніне екі тілде 15 ақпарат жариялау тапсырылды. Алғашқы күндері осында ақпарат табу қиын болғанымен Елібай Зұлқарнайұлының іскерлігінің арқасында облыстық мекемелердің баспасөз қызметімен тығыз қарым-қатынас орнаттық. Ең бастысы, оқырманға жаңалықты дер кезінде жеткізіп отырдық, – дейді Насреддин Бахманов.

Ұжым демде күш жинап, жаңа технологияны жата-жастана меңгеруге көшті. Жүйрік уақыттың жалына жармасып, ақпарат майданында күн сайын тың әдісті ойлап табуға тырысты. Ал сайтты кез келген адам ашқанда оңай түсіне алатын халықтың сайты деңгейіне жеткізіп, жан-жақтылықты көздеді. Оқырманмен кері байланыстың «Бізге жаңалық жіберіңіз» атты бөлім де жұмыс істеп, талай жан осы бөлімге тұрақты хабарласатын еді...

– Уақыт өте келе сайтқа ақпарат салу жұмысын жеңілдеттік. Бұрынғыдай тек оператор ғана емес, әр тілші сайтқа өзі әзірлеген ақпаратты дер кезінде салуды үйренді. Сондай-ақ интернет газетте журналистер аптасына бір сұхбат, бір сараптамалық мақала жазуға міндетті болды. Бұл тілшілерге қиын болған жоқ. Сайтқа күніне жариялануы тиіс деген 15 ақпараттың санын 18-ге, одан кейін 20-ға жеткіздік. Осылайша, «Қызылорда облысының интернет газеті» деген атымызға сай болу үшін еңбек еттік, – дейді Насреддин Қайыназарұлы.

Елібай Зұлқарнайұлы бастаған ұжымның құрамында бас редактордың орынбасары Нағымжан Сауяев, журналистер Гүлнар Құлмұратова, Алматы Кеңебеков, Гулназ Бисен, оператор Насреддин Бахмановтар болды. Одан бері де мұнда бірнеше толқын еңбек етті. Ал 2012-2013 жылдары интернет



газетке Назерке Саниязова, Шынар Бекбан, Гүлзийм Тәжиева, Акнұр Жағыпарова, Қанатбек Маханов секілді журналистер жұмысқа қабылданды. Мұнан бөлек, Мұқағали Қаршыға, Фариза Омарова, Динара Махановалар да түрлі тақырыпта қалам тербеп, ақпараттық агенттіктің жұмысын ширата түсті. Жаңа медианың осындай жаңашылдықтарын игеруде, мультимедиялық мүмкіндіктерді агенттік веб-сайтында жүзеге асыруда серіктестіктің сайт администраторы Бақытжан Салмұрзаның еңбегі зор болды. Кәсіби маман Бақытжан Қуатбайұлы порталдың жаңа дизайнынан бастап, көптеген медиа-блогтар мен бөлімдердің еш кедергісіз жұмыс жасауына мүмкіндік туғызды.

Ақпараттық агенттікте әр жылдары Дәурен Омаров, Нұрсұлтан Мықтыбай, Дәуіржан Елубаев, Мұрат Ақынұлы, Мөлдір Снадинова, Әзиз Батырбековтер басшылық жасады. Бас редактордың орынбасары қызметін атқарғандар қатарында Әлібек Байшүленов, Жәнібек Исаевтар бар.

– 2018 жылдың 19 ақпанында «Сыр Медиа» ЖШС бас директорының бұйрығымен облыстық «Қызылординские вести» газетінен «Kyzylorda-news.kz» ақпараттық агенттігіне бас редактордың орынбасары болып ауыстым. Маған сеніп берілген аумақ – орыс тілінде жаңалықтар дайындау. Накеңнің (Насреддин Бахманов) айтуымен сайтпен қалай жұмыс істеу керектігін әп-сәтте үйреніп алдым. Жұмыс, бәрі уақытпен: жаңалық дайындау да, оларды ақпараттық кеңістікке орналастыру да, тіпті «перекур» да. Арасында медиа-есепті күнделікті орындап отыру да қажет.

Тек қана мемлекеттік тапсырмамен шектеліп қалған жоқпыз. Әр түрлі бағыттағы айдарларға қалам тербеп, аймақта, елімізде резонанс тудырған жаңалықтарымыз да болды. Соның бірі – 90 жастағы Польша азаматының қазақстандық отбасын іздегені туралы. «Facebook»-тағы достығымдағы поляк әйелімен қысқаша сұхбаттан соң ол жаңалықты ертесіне отандық, тіпті Ресейдің баспасөз құралдары жарыса жазды, арнайылап Польшаға да барды. Интернеттің ғаламат күші қайда жатыр десеңші... Еңбек кітапшамға қарасам, «Kyzylorda-news.kz» агенттігінде азды-көпті екі жыл қызмет етіппін. Қуанышқа, жаңа эмоцияға толы 2 жыл мәңгілік есімде қалады. Жаңа белестеріңіз құтты болсын, әріптестер! – деді Жәнібек Исаев.

## БҰРЫННАН – БҮГІНГЕ

Ақпараттық агенттіктің тізгінін 2025 жылдың қазан айынан бері Айжан Абдуллаева ұстап келеді. Айжан Жұмабекқызы журналистикадағы мол тәжірибесі мен білімін сайт жұмысын жетілдіруге, мақалалардың мазмұнын арттыруға жұмсап жүр. Әсіресе, агенттіктің әлеуметтік желідегі парақшалары күн сайын қызықты видеолармен толығуда. Бұл реттегі ұжымның еңбегі орасан зор екенін ерекше атап өткен жөн.

### Балтабай ТҰРАРОВ, дизайнер:

## ТАРИХТЫ ТАСПАЛАП ЖАТЫРМЫЗ

Қиындығы мен қызығы мол қарбалас жұмыстамыз. Кейде қателесесің. Сол ағаттықты келесі түсірілімге барғанда қайталамауға тырысасың. Бұрын-соңды ұзақ түсірілімге қатыспағанмын. Бірде 40 минуттық подкаст түсірдік. Қуаныш жүргізіп отыр еді. Қалғып кетіппін. Қуаныш келіп оятқанда көктем түскендей болып, аң-таң болғаным бар. Тағы бірде сыртта бір түсірілімге бардық. Күні бойы түсірдік, сөйлестік, біраз жүрдік. Ішке келіп, видеоны компьютерге көшіріп, қарасам, дауысы жазылмай қалыпты. Микрофон қоспағаным есіме түсті. Содан кейін не түсірсем де, әуелі микрофонды тексеріп аламын.

Біз қазір өңірдегі әлеуметтік нысандарды, саяси оқиғаларды, мерекелік іс-шаралар мен жиындарды түсіреміз. Оны шолу бейне етіп дайындап, әлеуметтік желідегі парақшамызға жүктейміз. Қысқасы, тарихты таспалап жатырмыз. Нәтижесі жаман емес. Біз қазір студия жұмысын нықтадық. Алдағы уақытта да осындай қарқынмен жалғаса беретініне сенім кәміл.



Мөлдір **КЕНЖЕҒҰЛОВА**,  
ақпараттық агенттіктің тілшісі:

## ГАЗЕТТЕН САЙТҚА АУЫСУ ОҢАЙ БОЛМАДЫ

– Біршама жыл газетте жұмыс істедім. Газеттен сайтқа ауысу оңай болмады. «Бір мекеменің іші, бір кабинеттен екінші кабинетке ауысқаннан ерекшелік жоқ шығар» дегендер де болды. Бірақ екеуі екі бөлек. Газет жұмысы белгілі, апта сайын шығатын нөмірге дайындық, материал әзірлеу. Газеттің қатесін салу, кезекшілікті абыроймен атқарып шығу. Ал сайт ол мүлде бөлек. Сырт көзге қарағанда жұмысы аз болып көрінеді. Десе де уақытпен санаспайды. Газетке берілген тақырыпты сайтқа сала алмайсың. Тақырыптың өзінде ерекшелік болу керек. Кеш болсын, түн болсын сайтқа салынуы тиіс жаңалықты сол сәтте жариялауың керек. Одан қалды елде болып жатқан жағдайлармен де оқырмандарды хабардар етіп отырасың. Бастысы, әріптестердің ауызбіршілігі қуантады. Күнде бір жұмыс қайталанбайды, бүгін қандай жиналыс, кездесу болса да дайын тұруың керек. Ақпаратты қысқаша әзірлеуден бөлек, оқырманды қызықтыратын сараптамалық материалдар да жазасың.



Бегітай дайындаған **Дәулет ҚЫРДАН**

## КОҒАЛДАҒЫ ХОККЕЙ: ЖЕРЛЕСТЕРІМІЗ ЖАРАДЫ

Өңірде қарқынды дамыған спорт түрі көп. Соның ішінде Сыр елінде ілгерілеп келе жатқаны – коғалдағы хоккей. Ерлер құрамасының жетістігі өз алдына, қыздар құрамасының да ақжолтай жаңалықпен сүйіншілетіп тұратыны бар. Соның бірі жуырда төбемізді көкке жеткізген қуанышты хабар.

Нақтылай түссек, Индонезия елінің Джакарта қаласында 20-29 сәуір аралығында коғалдағы хоккейден Азия ойындарына іріктеу турнирі өтті. Байрақты бәсекеде Қазақстан ұлттық құрама өкілдері азулы қарсыластармен иық тіресіп, үздік бестіктен көрініп, алда өтетін Азия ойындарына жолдама жеңіп алды. Ал ұлттық құрама сапында жергілікті аруларымыз да бар.

Атап айтсақ, үздік ойын өрнегін көрсеткен «Қайсардың» құрамында Бахаваддин Гузал, Лямина Виктория, Сазонтова Наталья, Избасарова Гулсина, Болғанбаева Қарлығаш, Ерсултан Ақжан, Шаймарданова Виктория, Чепкасова Алиса болды.

– Шынын айту керек, коғалдағы хоккей көбіне көп жастың қызығушылығын тудыра бермейді. Кейінгі уақытта Сыр елінде бұл спорт түрі ілгерілеп келеді. Оған дәлел – біздің ұлттық құрамада өнер көрсетіп, Азия ойындарына жолдама алғанымыз. Жуырда өткен жарыстың нәтижесінде алға қойған мақсаттарымыздың бірі орындалды. Енді Азия елдерінің алдында өзімізді дәлелдеп, елге жүлде сыйлауды көздеп отырмыз. Сәтін салса тілегіміз қабыл болып, ол күнге де жетерміз. Командаластар болып, бізді қолдаған жандарға алғыс білдіреміз, – деді спортшы арулар.



Айта кетейік, спортшыларымыздың жаттықтырушысы – «Қайсар» ойын түрлері бойынша спорт клубының аға жаттықтырушысы Ерасыл Қайқыбеков.

## ҮСТЕЛ ТЕННИСІНЕН ОБЛЫСТЫҚ ТУРНИР ӨТТІ

«Samruk Kazyna Trust» корпоративтік қорының 10 жылдық мерейтойына орай қаланың сол жағалауындағы «Теннис орталығында» үстел теннисінен тұңғыш рет «Samruk Alatau» облыстық ашық турнирі өтті.

10 жылдық мерейтой аясында ұйымдастырылған дүбірлі додаға Түркістан, Шымкент, Байқоңыр және Қызылорда облысының барлық ауданынан келген 150-ге жуық спортшы ересектер, жастар және жасөспірімдер санаты бойынша бақ сынауда.



Жақында «Нұрсәт» теннис орталығында классикалық шахматтан Аралбай Махамбетовтың жүлдесіне арналған ҚР балалар кубогының ресми ашылу салтанаты өтті.

Он сегінші рет ұйымдастырылған ой сайысына Ресей, Қырғызстан, Тәжікстан мемлекеттерінен және еліміздің барлық өңірінен келген 400-ге жуық қатысушы бақ сынады.

Салтанатты шараға облыс әкімінің орынбасары Мейрамбек Шермағанбет, ҚР шахмат федерациясының вице-президенті Марат Есенов, бірегей тұлға Аралбай Махамбетовтың інісі Сұлтанбек Маханбетов, баскарма басшысы Бақтияр Артаев қатысты. Ашылу рәсімінде облыс әкімінің орынбасары Мейрамбек Зинабдинұлы облыс әкімінің арнайы алғыс хатын табыстап, шахмат шеберлеріне сәттілік тіледі.

– Шахмат – ғасырлар бойы адамзатпен бірге дамып келе жатқан зияткерлік ойын. Шахматты тек спорттық ойын ретінде ғана емес, логикалық ойлауды шыңдайтын тәрбиелік мәні зор өнер деп те айтуға болады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Шахмат – адамның ақыл-ойын және қарым-

қабілетін ұштауға мүмкіндік беретін бірегей спорт түрі» деп ерекше атап өткен болатын.

Әлемнің түкпір-түкпірінде танымал болған бұл ойын күні бүгінге дейін өз маңыздылығын жоймай, талай жасты тәрбиелеп, олардың зияткерлік қабілетін айрықша дамытып келеді.

Бүгінде біздің облысымызда 17 мыңнан астам адам шахматпен жүйелі түрде шұғылданады. Олардың арасында халықаралық деңгейдегі жарыстарда ел мерейін үстем етіп жүрген спортшыларымыз бар. Қаламызда он сегінші рет ұйымдастырылған сайысқа бірнеше мемлекеттен және еліміздің барлық аймағынан 20 команда, 400-ге жуық жас шахматшылар қатысуда. Осы ретте, қатысушыларға сәттілік тілеймін, – деді облыс әкімінің орынбасары.



Салтанатты шараның ашылу рәсіміне облыс әкімінің орынбасары Мейрамбек Шермағанбет, «Samruk Kazyna Trust» корпоративтік қоры бас директорының орынбасары Аман Төрегелдин, облыстық дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының басшысы Бақтияр Артаев қатысты.

Алғы сөз алған облыс әкімінің орынбасары Мейрамбек Зинабдинұлы аймақ спортының соның ішінде үстел теннисінің даму қарқынына тоқталып, тартысқа толы турнирді жоғары деңгейде ұйымдастыруға ұсыныс білдіргендерге ерекше алғыс білдірді.

– Ең алдымен баршаңызды 1 мамыр – Қазақстан Халқының бірлігі күні мерекесімен құттықтаймын!



Айтулы мерекемен қатар еліміздегі іргелі әрі бірегей қорлардың бірі – «Samruk Kazyna Trust» корпоративтік қорының 10 жылдығына орай республика көлемінде спорттық іс-шаралар ұйымдастырылып, кен көлемде аталып өтуде. Бүгін мінекей, аталған қордың бастамасымен қаламызда үстел теннисінен облыстық ашық турнир ұйымдастырылып жатыр. Тартысты турнирде еліміздің бірнеше аймағынан және Қызылорда облысынан 150-ге жуық жас теннисші өзара бақ сынамақ.

Осы ретте, өңірдегі спортты дамытуға айрықша атсалысып, игі бастамаларды жүзеге асыруда үлкен қолдау көрсеткен «Samruk Kazyna Trust» корпоративтік қорына алғыс білдіреміз! – деді облыс әкімінің орынбасары.

Мұнан соң корпоративтік қор бас директорының орынбасары Аман Төрегелдин қатысушыларға сәттілік тілеп, ізгі тілегін жеткізді.



– «Samruk Kazyna Trust» корпоративтік қорының 10 жылдық мерейтойы аясында республика көлемінде әртүрлі спорт түрлері бойынша жарыстар ұйымдастырылуда. Ауқымды шаралардың барлығы «Samruk Kazyna Trust» корпоративтік қорының демеушілігімен салынған еліміздегі 19 заманауи спорт кешенінде өтеді. Бүгін мінекей, Қызылорда облысында бастау алған жарысымызға үздік командалар жиналып, өз шеберліктерін танытпақ. Жеңімпаз атанған спортшыларға аталған қорымыздың спорттық құрал-жабдықтар алуға арналған



қаржылай сертификаттары табысталды. Осы ретте, жас теннисшілерге сәттілік тілеймін! – деді Аман Жақсыбайұлы.

Шара Сыр өнерпаздарының концерттік бағдарламасымен жалғасып, көрерменге мерекелік ән-шашу тарту етілді.

Облыстық ашық турнирде үстел үстінде доп сырғытқан үздіктер өзара тартысып, жеңімпаздар мен жүлдегерлер анықталды.

2008 жылы туылған және одан кіші жасөспірім қыздар арасында:

- I орын – Хадиша Өлжанова;
- II орын – Айзере Амандық;
- III орын – Әмина Өлжанова;
- III орын – Гүлсезім Есенбен.



2008 жылы туылған және одан кіші жасөспірім ұлдар арасында:

- I орын – Есімхан Орынбасар;
- II орын – Кенішбай Бақдәулет;
- III орын – Асылбек Қайсар
- III орын – Мұхит Әлішер.

18 жасқа толған қыздар және одан жоғары жастағы әйелдер арасында:

- I орын – Ақназ Декабрқызы;
- II орын – Марина Ким;
- III орын – Майрагүл Ерлан;
- III орын – Аружан Өлжанқызы.

18-39 жас аралығындағы ерлер арасында:

- I орын – Тұртбаев Азамат;
- II орын – Мағжан Шардарбеков;
- III орын – Қуаныш Нұрғалап;
- III орын – Жасапбек Оспанов.

40 жасқа толған және одан жоғары жастағы ерлер арасында:

- I орын – Дәулетяр Машрапов;
- II орын – Болат Бакуев;
- III орын – Данияр Балжанов;
- III орын – Менс Ким.

Жарыс нәтижесі бойынша спортшыларға «Samruk Kazyna Trust» корпоративтік қорының спорттық құрал-жабдықтарға арналған қаржылай сертификаттары табысталды.

## ҚОЛА ЖҮЛДЕ ҚОЛДА

Құрметті «Дода» бетінің арнайы оқырманы, бұған дейін пенчак силат деген спорт түрін естуіңіз бар ма? Мұндай спортқа қызылордалықтарды саусақпен санайсыз. Ал бұл жолда жетістікке жетіп жүрген спортшылар қатарында Нұрбақыт Жұмабек бар.

Жуырда Астана қаласында пенчак силат бойынша жастар мен ересектер арасында Қазақстан чемпионаты ұйымдастырылды. Аталған бәсекеге жерлесіміз Нұрбақыт Жұмабек 75 кг салмақ дәрежесі бойынша бақ сынады.

Қызығы сол, Қызылорда облысының құрама командасы аталған спорт түрі бойынша ҚР чемпионатына бірінші рет қатысып отыр. Ал алғашқы додада қола жүлдеге ие болу, үлкен жетістік.

– Пенчак силат – Индонезия мен Малайзия аймағынан шыққан, қарулы және қарусыз жекпе-жекке, сондай-ақ өнер мен мәдениет элементтеріне негізделген көне жауынгерлік өнер. Бұл жүйе өзін-өзі қорғауға, жылдамдыққа және шабуыл мен қорғаныстың тепе-теңдігіне бағытталған. Бұл спорт түрі Сыр елінде енді дамып, қызығушылық білдірушілер қатары артып келеді. Сәтін салып, Астана қаласында өткен тартыста өңір абыройын қорғау бұйырды. Алғашқы қатысушы ретінде қола жүлдеге қол жеткізу мен үшін үлкен абырой. Алдағы уақытта да жеңіс туын желбіретуге күш саламын, – деді спортшы.



## ШАХМАТ ШЕБЕРЛЕРІ БАС ҚОСТЫ

Өз кезегінде бірегей тұлғаның жақын туыстары дәстүрге жалғасын жарысты жоғары деңгейде ұйымдастырған азаматтарға алғыс білдірді.

Шара шахмат сүйер қауымға арналған концерттік бағдарламамен жалғасты. Айта кетейік, шахматшылар арасындағы ой сайысы 10 мамырға дейін жалғасады.

Сондай-ақ, шара барысында ҚР Шахмат федерациясының вице-президенті Марат Сағынтайұлы құттықтау сөз сөйлеп, федерация атынан естелік сый-сипапат табыстады.



## СІЗ БІЛЕСІЗ БЕ?



Сурет ашық дереккөзден алынды

Медуза – сырт көзге өте қарапайым көрінетін, бірақ табиғаттағы ең көне әрі ерекше тіршілік иелерінің бірі. Ол мұхитта еркін қалқып жүретін, денесінің басым бөлігі судан тұратын омыртқасыз жануар.

Ғылымда медузалар «Jellyfish» деп аталады. Олар балық емес, миы, жүрегі, сүйегі жоқ болса да, миллиондаған жыл бойы тіршілік етіп келеді.

Медузаның денесі негізінен үш бөліктен тұрады: қонырау тәрізді дене – қозғалысқа жауап береді, қармалауыштары – қорғаныс және қорек аулау үшін, ал ішкі қуысы – ас қорыту қызметін атқарады. Оның денесінің 90-95%-ы су болғандықтан, медуза су ішінде «көрінбей» жүреді.

Медузаның ең қызық ерекшелігі – оның орталық миының болмауы. Бірақ ол соған қарамастан қозғалады, жемін ұстайды, қауіптен қашады. Бұл оның денесінде орналасқан қарапайым жүйке торы арқылы жүзеге асады. Яғни медуза «ойламайды», бірақ тітіркенуге автоматты түрде жауап береді. Кейбір медузаларда өте күшті у бар. Олар оны жемтігін ұстау немесе жаудан қорғану үшін қолданады. Әсіресе «Box jellyfish» деген түрі әлемдегі ең қауіпті теңіз жануарларының бірі саналады. Дегенмен медуза адамға әдейі шабуыл жасамайды – ол тек өзіне жақындаған тіршілікке реакция береді.

Медузалар жер бетінде динозаврлардан да бұрын пайда болған. Яғни олардың жасы жүзден миллион жылмен есептеледі. Олар уақыт өте көп өзгермеген, себебі табиғат оларды өте тиімді әрі тұрақты тіршілік формасы ретінде сақтап қалған.

«АЖ-ақпарат»

# АЛ СІЗ БҰЛ КИНОДАН ҚОРҚАСЫЗ БА?

Бойын үрей билесе де, хоррор жанрындағы фильмдерді ұнататын көрермен көп. Иә, аяқ асты шыққан дыбыс, елес пен қорқынышты музыканың орны бөлек.

Кейінгі жылдары әлемдік кинематографияда ерекше танылған бірнеше туынды бар. Олардың қатарында «Астрал», «Синистер» мен «Оно» фильмдері бар.

Джеймс Ваннның «Астрал» туындысы хоррор жанрдағы культтік фильмдердің біріне айналды. Елестетіңізші, денсаулығыңыз сыр бере бастайды, дегенмен дәрігерлер нақты диагнозды да қоя алмайды. Міне, осы фильмде оқиға қарапайым отбасының айналасында өрбиді. Кішкентай бала белгісіз себеппен комаға түсіп, дәрігерлер нақты диагноз қоя алмайды. Бірақ уақыт өте келе бұл жағдайға басқа дүние себеп екені анықтала бастайды.

Фильмнің басты ерекшелігі – көрінбейтін әлеммен байланысты сюжетінде. «Астрал» көрерменді тек айқай мен шошытатын көріністер арқылы емес, керісінше

тыныштық, психологиялық қысым арқылы үрейге бөлейді. Экран алдында отырған адам әр сәтте бір оқиғаның болатынын іштей сезіп, дайындалады. Бірақ ондай сәттер аяқ асты болады емес пе? «Синистерге» келетін болсақ, бұл фильм – психологиялық қорқынышты көрсетеді. Кейіпкер жаңа кітап жазу үшін бұрын соңды қылмыс болған үйге көшіп барады. Сәйкесінше қызықтың барлығы осы жерде басталады. Иә, бастапқыда барлығы қалыпты, тыныш көрінеді. Бірақ үйдің ішінен табылған ескі бейнежазбалар оқиғаны күрт өзгертеді.

Стивен Кингті білмейтін адам кемде кем шығар. Оның шығармасы негізінде 2017 жылы түсірілген «Оно» фильмі қазіргі хоррор жанрындағы ең танымал туындылардың бірі. Себебі балалар ұнататын сайқымазақ мұнда зұлым кейіпкер ретінде көрсетіледі. Сол үшін балалардың арасында кең танылды.

Бұл үш фильмнің ортақ тұсы – көрерменді тек шошыту емес, әсер қалдыру. Бірі тылсым әлем арқылы, бірі психологиялық қысыммен, енді бірі ішкі қорқыныш арқылы жұмыс істейді. Сол себепті олар бүгінге дейін көрерменнің есінде сақталған.

Камилла  
САҒЫНДЫҚОВА



Сурет ЖИ арқылы жасалған

## ТАРИХЫ ТЕРЕҢ ТӘТТІ: ҚОЮЛАНДЫРЫЛҒАН СҮТТІҢ ҚҰПИЯСЫ НЕДЕ?



Сурет ашық дереккөзден алынды

Қоюландырылған сүт – бүгінде көпшілік сүйіп тұтынатын тәтті сүт өнімдерінің бірі. Ол сүтті ұзақ уақыт қайнатып, құрамына қант қосу арқылы дайындалады. Осындай өңдеудің нәтижесінде өнім ерекше карамель дәміне ие болып, қою әрі біркелкі массаға айналады. Қазір танымал болғанымен, қоюландырылған сүт бірден халықтың сүйікті асына айнала қойған жоқ.

Қоюландырылған сүттің пайда болу тарихы туралы бірнеше нұсқа бар. Солардың бірі француз өнертапқышы Николя Франсуа Аппердің есімімен байланысты. Ол консервілеу саласының негізін қалаушылардың бірі. Аппер өз тәжірибесінде герметикалық жабылған банкідегі өнімдерді қайнату арқылы олардың сақтау мерзімін ұзартуға болатынын байқаған. Бұл жаңалық оны сүтке де осындай әдісті қолданып көруге жетеледі.

Алғашында ол шыны ыдыстарды пайдаланғанымен, жоғары температурада олардың жиі жарыла берген. Кейін шыныны металл банкарларға алмастырған. Осылайша консерві өндірісінің негізін қалады. Аппер түрлі тағамдарды консервілеуді жалғастырып, өз дүкенін ашады. Оның өнімдері сұранысқа ие болып, 1810

жылы еңбегі үшін Наполеон Бонапарттың марапатына ие болған. Сол жылы өнертапқыш тағамдарды консервілеу тәсілдерін баяндайтын басты еңбегін жариялады. Оның зерттеулері азық-түлік өнеркәсібінің дамуына үлкен үлес қосты.

Қоюландырылған сүттің дамуына елеулі үлес қосқан тағы бір тұлға – америкалық кәсіпкер Гейл Борден. Ол да азық-түлікті ұзақ сақтау жолдарын зерттеген. Тәжірибе барысында сүтке қант қосып қайнатқанда оның қоюланып, дәмінің байи түсетінін анықтайды. Бірақ мәселе мұнымен бітпейді. Себебі бұл қоспа ыдыстың түбіне жабысып, күйіп кете берген. Мәселені шешу үшін Борден ыдыстың ішін майлап көреді. Осылайша проблема шешіліп, қоюландырылған сүт өндіретін арнайы құрылғы пайда болды. Кейін

ол бұл өнімді жаппай өндіріске шығарады.

Қоюландырылған сүт АҚШ-тағы азамат соғысы кезінде ерекше танымалдыққа ие болды. Себебі ол ұзақ сақталатын, құнарлы әрі әскерилерге ыңғайлы тағам еді. Осы табыстан кейін Борден өз өндірісін кеңейтіп, бірнеше зауыт ашады. Сөйтіп, қоюландырылған сүт тек тәтті тағам ғана емес, азық-түлік өнеркәсібінің маньзды өніміне айналды.

Тағы бір аңыз бойынша, қоюландырылған сүт 1829 жылы Аргентинада кездейсоқ пайда болған көрінеді. Азамат соғысы аяқталар тұста екі қарсылас генерал бітімге келіп, мереке ұйымдастырады. Сол тойға дайындалып жатқан аспаз әйел сүт құйылған банканы плитада ұмытып кетеді. Қайнап кеткен банка жары-

лып кетсе де, қалған өнімнің дәмін татып көрген генерал оның ерекше дәміне таңғалады. Содан бастап бұл тәтті Аргентинада кең таралған десертке айналған деген әңгіме бар.

Ал бұл өнімнің Ресейдегі тарихы да қызық. XIX ғасырда Орынборда алғашқы қоюландырылған сүт зауыты ашылғанымен, сұраныстың аздығынан көп ұзамай зауыт жабылып қалады. Ол кезде халық бұл жаналықты бірден қабылдай қоймаған. Дегенмен кейбір кәсіпорындар өнімді аз көлемде шығаруды жалғастырады.

Жағдай Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде күрт өзгерді. Қоюландырылған сүт әскерилер мен жаралылар үшін құнарлы әрі қуат беретін тағам ретінде кеңінен қолданысқа енді. Соғыстан кейін, 1920 жылдардың басында оның өндірісі қарқынды дамып, жаңа зауыттар ашыла бастады. Сұраныс та жыл сайын арта түсті.

1979 жылы қоюландырылған сүт өндірісіне қатысты арнайы

мемлекеттік стандарт қабылданды. Бұл стандарт өнімнің сапасы мен құрамына қойылатын талаптарды нақтылап, өндіріс процесін реттеді. Аталған талаптар бүгінге дейін өзектілігін жоғалтқан жоқ.

Қоюландырылған сүтті дайындау технологиясы аса күрделі емес. Сүттің бір бөлігі буландырылады, содан кейін оған қант қосылып, қою әрі тәтті масса алынады. Қаласаңыз оны үй жағдайында да дайындауға болады. Бүгінде қоюландырылған сүт әлемнің түкпір-түкпірінде кеңінен қолданылады. Ол торт, бәліш, кекс, пудинг, крем, балмұздақ секілді көптеген десерттің ажырама бөлігіне айналған. Сонымен қатар кейбір адамдар оны шай мен кофеге қосып, сусынның дәмін байыта түседі. Тіпті түрлі коктейль дайындауға да қолданады.

Осылайша бір кезде көпшілікке тосын көрінген қоюландырылған сүт бүгінде әмбебап әрі сүйікті өнімге айналды.

А.МАРАТҚЫЗЫ

ГАЗЕТТІҢ КЕЛЕСІ САНЫ 13 МАМЫР, СӘРСЕНБІ КҮНІ ШЫҒАДЫ

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР  
Марат АРАЛБАЕВ

Қабылдау бөлмесі:  
тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР  
Дәулет ҚЫРДАН

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 /7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 /7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралу аймағы: Қазақстан Республикасы  
Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018  
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А  
e-mail: aqmeshit\_zhastary.kz@mail.ru  
Instagram: @aqmeshit-zhastary / сайт: aqmeshit-zhastary.kz

Кезекші редактор:  
Мерей ШӘКРАТ

Таралымы: 5111  
Тапсырыс: 765